

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ
БЕРУ УӘЗІРЛІГІ**

**НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА
ИНСТИТУТЫ**

Шет тiлдер факультетi

Қазак тiлi және әдебиетi кафедрасы

КӘСІПТІК БІТІРУ ЖҰМЫСЫ

***Тақырып:* «Әдебиет сабақтарында Ж.Жабаев өлеңдерін оқытуда жаңа технологиялардан пайдалану»**

ОРЫНДАУШЫ: Шарақұлова Шынар

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ: аға оқытушы:Кумакбаева Г.К.

Науаи – 2012

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ -----	3-6
I-Тарау. Дүлдүлдер өткен, дүбірлі даланы тербеп -----	7-8
1.1. Жамбыл Жабаевтың өмірі жайлы мәлімет-----	9-12
1.2 «Батаңды маған бер, әке!». Аңызға айналған айтыс-----	13-23
1.3. Жамбыл поэзиясындағы патриоттық жалын-----	24-41
II -Тарау. Ж.Жабаев өлеңдерін оқыту -----	42-45
2.1. Жамбыл туындыларын оқушыларға танытудың кейбір жолдары-----	46-47
2.2. Ж.Жабаевтың «Өтеген батыр»шығармасын оқыту-----	48-49
2.3.Сабақ үлгілері-----	50-59
Қорытынды -----	60
Пайдаланатын әдебиеттер.	

К І Р І С П Е

Тәуелсіздікті тұғырлы, баянды етуде біздер, мұғалімдер қауымының қосатын үлесі аз емес, өйткені біз елдің ертеңгі тірегі жас ұрпаққа білім беру ісімен айналысамыз. Бұл міндет бізден өсіп келе жатқан жас буынды тәрбиелеуге үлкен күш жүгер жұмсауды талап етеді. Білім беру саласы еліміз дамуының басты бағыттарының бірі ретінде таңдалып отырғаны тегін емес.

Бүгінде Өзбекстанды бүкіл әлемдік қауымдастық қарқынды дамып келе жатқан, келешегі кемел ел ретінде мойындап отыр. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан қоғамының көптеген салаларында едәуір жетістіктерге қол жеткізді. Ел дамуындағы жаңа тарихи кезең мемлекет дамуының жаңа деңгейін қамтамасыз етудегі маңызды факторлардың бірі болып табылатын білім беру жүйесінің алдына үлкен міндеттер қояды. Ол негізінен білім беру жүйесінің халықаралық білім жүйесіне интеграциялануына байланысты осы салаға жаңа үрдістерді батыл енгізу сияқты міндеттерден туындайды. Өйткені, бүгінгі заман талабы бойынша шын сауатты адамның білімі мен біліктілігі, дағдылары әлемнің кез – келген елінде қолданысқа жарайтын, яғни халықаралық стандарттарға сай болуы тиіс. Отандық білім беру жүйесі қызметкерлерінің қазіргі мақсаты мен міндеті – Өзбекстан Республикасының инновациялық-индустриалдық даму стратегиясына сәйкес экономикасы дамыған, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру жолында еңбек ететін ертеңгі білікті де білімді мамандар даярлау.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымның тақырыбы: «Әдебиет сабақтарында Ж.Жабаев өлеңдерін оқытуда жаңа технологиялардан пайдалану».

Балалар әдебиетін жасауда заман ақын-жазушылар алдына үлкен талаптар қояды. Сол талаптарды орындаған әрі балаларды жанындай жақсы көрген халық поэзиясының алыбы – Жамбыл Жабаев.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымды жазу барысында Жамбылдың халықтың ақындық қазынасын жете, зерделей меңгеріп, жаңғырта, жаңарта дамытқан, өмір-тіршілік даналығын көкірегіне тоқыған, елдің арғы-бергі тарихын әділдік, шындық сөзін ешкімнен де тайсалмай айтатын, өлеңі тау өзеніндей тасқынды үлкен дарын иесі екенін тән алдым.

Тақырыптың үйренілу дәрежесі: Жамбыл - әрі эпик, әрі айтыс ақыны; абыз жырау әрі жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық – саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған бір бәйтерегі болуымен, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен де өлшенеді. Оның сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды.

Ж.Жабаевтың өмірін, бүкіл шығармашылығын, әлемдік мәдениетке қосқан үлесін бағдарлама бойынша берілген сағат аясына сидыру мүмкін емес. Бұл орайда оқушылардың өзіндік шығармашылық ізденісі, сыныптан тыс әдеби жұмыстар, оқу сабақтары әр түрлі әдіс-тәсілдермен ұйымдастырылып, байланыстырыла жүргізілгенде ғана әдебиет пәні мұғалімі өз мақсатына жетеді.

Тақырыптың өзектілігі: Әдебиеттің білімділік – тәрбиелік мәнін терең түсінуде мұғалімдер көп ізденіп, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, заман талабына сай оқытуы қажет. Жамбыл Жабаев өзінің балаларға арналған барлық өлеңдері арқылы жас өспірімдерді көтеріңкі рухта тәрбиелеуді іске асырған және соның тамаша үлгісін көрсеткен

Тақырыптың негізгі жаңалығы: Ұстаздың педагогтік шеберлігі оның керекті мазмұнды, бағдарламадағы материалды іріктей алуымен және оны оқытудың озық әдістерін пайдалана отырып қолданумен белгіленеді. Жамбыл әлемі – күрделі әлем. Ал бүгінгі мақсат – жаңа буынға Жамбылдың қазақ халқының көркем мәдениетін әлемге танытып, оның ежелгі дәстүрлерін дамытуға елеулі үлес қосқанын жаңаша көзқараспен

түсіндіру.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымның алға қойған мақсаты:

- Оқушыларды жеке тұлға ретінде ала отырып, олардың іс-әрекет түрлерін мақсатты қалыптастыру, дербес ізденуге баулу;
- Білім алуға деген ынтасы мен іскерлігін, оқу-танымдық қажеттілігін қалыптастыруға жетелеу;
- Оқулықтың білім көзі, әрі өз бетімен білім алудың дидактикалық үлгісі екендігін ескеріп, онымен жұмыс арқылы оқушылардың ынтасы, танымдық іс-әреетін басқару, ұйымдастыру.
- Жаңа буынға Жамбылдың қазақ халқының көркем мәдениетін әлемге танытып, оның ежелгі дәстүрлерін дамытуға елеулі үлес қосқанын жаңаша көзқараспен түсіндіру.

Менің кәсіптік жұмысымның маңыздылығы:

- Тапсырмалардың дамытушылық дәрежесін көтеру.
- Оқушылардың өзіндік пайымдауларын, бағалауларын, қорытындылауларын мұғалім түсінігімен толықтыра отырып, енді оны ғылымиландыру, іргелі терең білімге бағдарлау.
- Дүниетанымдық, ой-өрістері мен іскерлік дағдыларын жетілдіретін, жеке тұлғаны дамытуға әсер ететін қосалқы материалдарын білім беру.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымның теориялық жағы:

- Жамбыл – шығыс желісіне құрылған талай дастандарды жатқа айтып, мыңдаған шумақтар мен ұйқастарды зердесіне сақтап, шежіре-аңыз, тарихи оқиғаларды, айтыс-толғауларды, бұрынғы –соңғы ақын-жыраулар мен батыр-билердің өмір деректерін, ауызекі әңгімелерді көкірегіне құйып алған, өзі де толғаулар шығарған жырау.
 - Ақынның алғашқы туындыларынан көрінетін адамзаттық-азаматтық тұлғасын ашу;
 - Туған халқының тағдырына ортақтасу. Отаншыл жырларының мәнін аша отырып, өзіндік тұжырым – пікір жасау дағдыларына үйрену;

Оқушыларды Отанын, өз халқын, елін, жерін сүйуге баулу;

Өшпес өнерге айналған өмірді танып білу де оқушылардың ойлау белсенділігін арттыра отырып, жан-жақты ғылыми тұрғыдан іздене білуге төселдіру;

Менің кәсіптік бітіру жұмысымның практикалық жағы:

Қоғам мен мемлекеттің дамуы мен болашағы білім беру саласы қызметкерлеріне үлкен міндеттер артып отыр. Мұғалім өз пәнін терең білумен бірге ақпараттық жағынан өте сауатты, шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлға болуы тиіс. Міне, сондықтан да мен оқытудың жаңа технологияларын орынды пайдалана білсек сапалы білім бере аламыз.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымның құрылысы:

- **Мазмұны;**
- **Кіріспе;**
- 1-тарау, яғни негізгі бөлімнен тұрады.
- 2- тарау, методикалық бөлімнен тұрады.
- Қорытынды ой пікір берілген.
- Негізгі әдебиеттер мен қосымша әдебиеттір тізімі көрсетілген;

I -Тарау. Дүлдүлдер өткен, дүбірлі даланы тербеп

Халық поэзиясы көбіне ауызша шығарылып, ауызша айтылады. Кейін қағазға түсіріліп оқылады. Оның көркемдеу құралдары да басқаша, көбіне байырғы тіл әдісімен баяндалады. Оның талантты өкілдері нағыз көркем сөз шебері болып, айтулы ақын дәрежесіне көтеріледі.

Кеңес заманында халық поэзиясының ірі өкілдерінің бірі - Жамбыл Жабаев. Жамбыл әлемі – күрделі әлем. Жамбыл-екі ғасырды көріп, жүз жасаған ұлы ақын. Жамбыл –шығыс желісіне құрылған талай дастандарды жатқа айтып, мыңдаған шумақтар мен ұйқастарды зердесіне сақтап, шежіре-аңыз, тарихи оқиғаларды, айтыс-толғауларды, бұрынғы-соңғы ақын-жыраулар мен батыр-билердің өмір деректерін, ауызекі әңгімелерді көкірегіне құйып алған, өзі де толғаулар шығарған жырау.

Жамбыл – ірі айтыс шебері. Ақынның ақындық өнері кеңес дәуіріне дейін-ақ, арысы – қырғыз, берісі- Жетісуға дейін кеңінен танымал болған. Жамбылдың көркемдік әлемінің қуаты – халықтың сан ғасырлық дәстүрлі жыр қайнарынан шыққандығы. Ол қазақ поэзиясының адамгершілік мұраттарын жаңа мазмұнға байытты, дәстүрлі поэзияны дамытты.

Балалық шағынан – ақ өлең айтуға құмар Жамбыл ел ішіндегі түрлі оқиғалар туралы, жеке адамдардың мінез-құлқы туралы өлең шығаруды ерте-ақ бастайды. «Жүз жыл өмір кешкен ақында неше жүз жылдар өнері мен шеберлігі түйіскен»-деген жазушы Мұхтар Әуезов. Жамбыл өзінің Кеңес Одағындағы әрбір маңызды оқиға мен әрбір қол жеткізген табысқа үнемі ақындық үнін қосып отырады.

Балалар әдебиетін жасауда заман ақын-жазушылар алдына үлкен талаптар қояды. Сол талаптарды орындаған әрі балаларды жанындай жақсы көрген халық поэзиясының алыбы – Жамбыл Жабаев.

Жамбылдың есімі дүние жүзі халықтарына кеңінен мәлім. Ол мектеп, медресе есігін ашпаса да, қолына қалам ұстап, жазу-сызуды білмесе де, жастайынан домбыра тартып, жыр жаттады, қазақ халқының сөз өнерін



үйренді, кейіннен ақындығымен бірге әйгілі жыршы атанды. Жамбыл– өмірімен де, шығармашылығымен де екі ғасырды молынан тұтастырып жатқан ұлы жырау. Ақынның XX ғасырдың басына дейінгі шығармашылық өмірбаяны туралы деректер аз, өлеңнен ауыз жаппаған кісінің ұшан-теңіз жыр-толғау, айтыстары да түгел сақталмаған. Әйтсе де бала Жамбылдың дүмше молданы мысқылдап шығарған "Шағым", ақындық жолына рұқсат сұраған "Әкеме", "Менің пірім Сүйінбай" деген өлеңдері, бозбала кезінің мұңды да шуақты көркем жыры – "Айкүміспен айтысы", сылқым бойжеткен Кәмшат сұлуға шығарған құрбылық наз өлеңі сияқты дүниелер сақталған. Одан бертіндегі Жетісуды, Қаратау, Сыр өңірін өнеріне тәнті еткен, қырғыздың шалқар "Манасын", Шығыстың әйгілі қиссаларын жырлаған ақын мұрасынан бірталайының аты ғана белгілі. "Кедей күйі", "Пұшықтың ұрыға айтқаны", "Әділдік керек халыққа", "Кәрібайдың төбеті", "Жылқышы", "Мәңке болыс" тәрізді тегеурінді де өжет ақындық мінезден, халықтық даналықтан туған өлеңдері, әйгілі Құлмамбет, Сарбас, Нұрмағанбет, т.б. ақындармен айтысы, Өтеген, Сұраншы батырлар туралы ұзақ дастандары – даңқты шайырдың төңкеріске дейінгі шығармашылығынан сақталған қомақты мұрасы. Осылардың өзінен-ақ, Жамбылдың халықтың ақындық қазынасын жете, зерделей меңгеріп, жаңғырта, жаңарта дамытқан, өмір-тіршілік даналығын көкірегіне тоқыған, елдің арғы-бергі тарихын әділдік, шындық сөзін ешкімнен де тайсалмай айтатын, өлеңі тау өзеніндей тасқынды үлкен дарын иесі екенін танимыз.

1.1. Жамбыл Жабаевтың өмірі жайлы мәлімет

Болашақ акын 1846 жылы ақпан айында қазіргі Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының бөктерінде дүниеге келген. Ол жайында ақынның өзі “Менің өмірім” – деген өлеңінде:

Қақаған қар аралас соғып боран,
Ел үрей — көк найзалы жау торыған.
Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын,
Жамбыл деп қойылыпты атым содан, –

дейді. Әкесі Жапа кедей болғанмен, ат үстіне мығым, найзагер кісі екен. Ел ішінің дау-дамайына бітімгерлік сөзін айтқан кездері де болыпты. Шешесі Ұлдан мінезі байсалды, абысын-ажын арасында беделді, орайы келгенде өз жанынан қиыстырып өлең шығара беретін, әдемі дауысты әнші екен. Жамбылдың аталарынан әріректе өнерпаз, сері, палуандар, ділмар шешендер шыққан. Ал оның руы – Екейлер туралы айтылатын ел ішіндегі:

Екейде елу бақсы, сексен акын, Жаратып мінеді екен ерттеп атын.
Қобызы, домбырасы үнін қосып, Гулейді жын қаққандай кешке жақын, –
деген әзіл сөзде мол шындық бар. Жамбылдың ұстазы – әйгілі Сүйінбай ақын да осы Екей елінен шыққан. Бала Жамбыл ақындық жолын қууға рұқсат сұрағанда, әкесінің: "Екейде елу бақсы, сексен акын" деген сөз де жетер, сен сексен бірінші болмай-ақ қой. Акынның түбі – қайыршылық, бақсының түбі – жын, жын жиып, бақсы болып ел кезгенше, мал бақ!" – дейтіні де Екей елінің өнер дарыған жұрт екенін көрсетеді.

Жамбыл өмірге келген кезде Қазақстанның оңтүстігі, оның ішінде ақынның туған өлкесі – Жетісу өңірі Қоқан хандырына бағынышты болатын. Ал Қоқандықтардың халыққа жасаған зорлық-зомбылығы айтып жеткізгісіз ауыр еді. Ақынның өзі ауылдары солардан қашып бара жатқанда, қақаған аязды қыс айында көш-жөнекей туыпты.

1864 жылға дейін Қоқан хандығы, онан соң Ресей империясы билеген замандағы халықтың мүшкіл тірлігі, өз отбасының жұтаң тұрмысы, мықтының әлсізге зорлық-зомбылығы тумысынан талантты, намыскер Жамбылдың ішіне қайғы болып байланады. Ақын жыр, айтыстарының

уыттылығы, адамдықты, әділдікті, батырлықты көксеген аңсары, кедейді жақтап, қайырымсыз бай, төрелерді ызалы шенеуі сол күйік-наладан бастау алып жатқан-ды. "Менің бақытым" деген бір сөзінде өзі де: "Мен өзімнің барлық өмірімде қыр қожайындарының бетіне шындықты қорықпай айтып, шайқасумен өттім", – дейді.

Жамбылдың өлеңге, ақындыққа құмарту сезімі ерте оянған. Өзінің айтуынша, 13 жасынан бастап ақын болуға бекем бел байлайды. Дүмше молдадан оқығанша, "домбыраны қолға алам" деп, әкесінен рұқсат сұрайды.

Жас талаптың Жетісу өңірінің даңқты ақыны Сүйінбаймен кездесіп, батасын алуы оның ақындық бағын ашқан айтулы оқиға болады. Бірде 14-15 жастардағы Жамбыл жарапазан айтуды сылтауратып, Сүйінбай ауылына келеді. Үйінің сыртында ат үстінде тұрып, жарапазанға жалғастыра өз жанынан өлең шығарып, ұзақ жырлайды.

Ардақты үйдің иесі,
Бата бер менің жырыма.
Қуат бітіп үніме,
Көңілін тапсын елімнің.
Жар бол да, өзің жәрдем ет,
Жібер мені бір демеп, –

деп өтінеді жасөспірім ақын. Айтқандарына сүйінген Сүйінбай Жамбылды үйге шақырып, ұзақ отырып, өлеңін зор ықыласпен тыңдайды. Бала ақынның болашағынан үлкен үміт күткен көреген жырау: "Осы шабысыңнан тайма! Өлең-жырыңды дауылдата бер! Жолың болсын! Бақытың ашылсын, балам! Шындықты айт, әділдікті жырла! Кәне, тозығы жеткен жолға түспе, жаңа жол, даңғыл жолға түс! Өлеңің бүкіл халық сүйсініп, көңілімен иіліп тыңдайтын өлең болсын! Сенің көңіліңнің асылы патшаның қазынасынан да бай болсын!" – деп бата береді. Жамбыл да:

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай.
Сырлы сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай.


Сүйінбай деп жырласам,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай, –
деп, Сүйінбайдың өсиетін өмір бойы есінде сақтап, ұстазының есімін ардақтаумен өтеді.

Жамбыл ақындық айтысқа 17-18 жасында араласып, "Көрұғлы", "Өтеген" сияқты дастандарын да сол тұстарда жырлай бастаған.

Ақын "Менің өмірім" шығармасында:
Топ десе он жетімде тартынбадым,
Семсердей майдандағы жарқылдадым.
Ақынды ауылға ермек басып озып,
Жұлдыздай көзге түсіп, жалқындадым, –
дейді.

Ел таныған ақын болу үшін, әрине, сол өңірдің ақындарымен түгел танысып, өнер сынасу керек. Жамбыл да бұл жолды өтіп, ақындық сайыстарда үлкен табыстарға жетеді.

Байдың қойын бағып жүргенде он үштегі кезінде ұйықтап қалып, түсінен ақын болып оянған Сүйінбай ұстазы сияқты, Жамбылға да ақындық түсінде аян беріп қоныпты. Ол туралы Жамбылдың өзі: "Бір күні Жетісай



жайлауында жылқы бағып жүріп, түс көріппін. Түсімде ақсақалды қария келіп: "Өлең аласың ба, көген аласың ба?" – деген. Мен: "Өлең!" – деппін. Оянып кетсем, түсім екен, көкірегімді бір толқын кернеп, алқымыма тығылғандай, дереу үйге жетіп, домбыраны ала салдым да, оңды-солды төгіп-төгіп жіберіп едім, кеудем ашылып, орта түскендей болды", – деп еске алады.

Жамбыл жиырма жасында сол кездің атақты ақыны – Жаныспен айтысып, оны жеңеді. Әлгі "Менің пірім – Сүйінбай" деген өлеңін Жамбыл осы Жаныспен айтысқанда айтады. Жамбылдың "Жылқышы", "Пұшықтың ұрыға айтқаны" сияқты

белгілі өлеңдері сол шамада шығарылады. Атақты "Айкүміспен айтысы" да осы тұста болады.

Одан кейін "Сәт сайланарда", "Жалғызбын деп жүрмесін", Алматыда Абайдың баласы Әбдірахманның қайтыс болуына байланысты көңіл айтуы, "Өсиет", "Әділдік керек халыққа", "Кәрібайдың төбеті" тәрізді белгілі өлең, толғаулары туады.

Жамбыл 35 жасында, яғни 1881 жылдың күзінде Іле бойында өткен бір үлкен жәрмеңкеде сол кезде орта жастардағы атақты ақын Құлмамбетпен айтысып, жеңіске жетеді. Сөйтіп, Жамбыл осыдан былай Жетісу өңірінің нөмірі бірінші ақынына айналады. Бірақ, айтыстан кейін де екі ақын бірін-бірі құрметтеп, ардақтап өткен. Атақты Бақтыбай ақынмен кездескенде де:

Қаздай қалқып, ерінбей,

Өлең тердім жасымнан.

Майкөт ақын, Құлмамбет

Орын берді қасынан, –

деп, Жамбыл аға ақынның есімін құрметтеп, ардақтай ауызға алады.

Қазақтың ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерінен көп үйренген Жамбыл өзінің өлең шығару шеберлігін де, айтыстағы шеберлігін де арттыра түседі.

XIX ғасырдың 70-80 жылдарында Жамбыл белгілі ақын болады. Бұл кездері ұсақ өлеңдерімен қатар, көлемді жылдар шығарады. «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты тарихи тақырыпқа арналған поэмаларын ақын асқан шеберлікпен, шабытпен, жаңа мән, мағына беріп жырлады. Ақын ол екі поэмасын да бүгінгі заманмен, бүгінгі өз сезімі, өз қуанышымен аяқтайды. Өмірінің соңғы жалдарында жиі науқастанған Жамбыл 100 жасқа аяқ басқанда, 1945 жылы 22 маусымда қайтыс болады.¹

¹ Жамбыл әлемі. Алматы: Өнер, 1996. 13-б

1.2. «Батаңды маған бер, әке!». Аңызға айналған айтыс



Табиғатынан ақындық дарыған жас талаптың көкірегін өлең кернеп, он төрт-он бес жасында біржолата ақындық жолына түседі. Әрине, жас ақынның алғашқы қадамы өзі қалаған өнердің оң-солын бағамдау, үйрену кезеңінен басталады. Жамбылдың туа бітті алғырлығы, тапқырлығы, өжет-өткірлігі, тілге шеберлігі мен әзіл-оспаққа бейімділігі, сондай-ақ бір естіген өлең-жыр, ұзақ толғауларды есінде сақтағыш зерделілігі ел өмірінің кез келген тақырыбына еркін баруына жол ашады. Сондықтан арынды талант бұрқыратып өлең де шығарып, құйқылжытып күй де тартып, киіп-жарып айтысқа да түседі.

Алғашқы "Шағым", "Әкеме", "Сарыбайға" деген өлеңдері қайсар да батыл Жамбылдың ақындыққа барар жолдағы кедергілерді жеңуге деген жігерлі талпынысын да, ақындық айтқыштығын да танытады. "Шағым" деген өлеңінде "бала келсе сабаққа, жем аңдыған дорбадан", "айтқаны ішке қонбаған", не оқытарын өзі де білмейтін молдадан құтқаруды әкесінен қиыла өтінеді, енді зорлаудан ештеңе шықпайтынын да ескертеді.

Шып-шып етіп молданың
Қолындағы тобылғы,
Қозғалтпайды жон жағым,
Талай дүре соғылды.
Торсылдатып танадай,
Жыртар болды тонымды, –

деп шағынады "молдадан" күдер үзген жасөспірім. "Әкеме" деген өлеңде бала Жамбыл әкесіне: "Батаңды бер, ақын боламын", – дей отырып, әкесінің

әлденендей іс-әрекетін астарлап сынап та өтеді.

Батанды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке.
"Жапаның ұлы ақын боп,
Жақсы істепті" дер, әке.
Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң
Елде болар береке.
"Ұрлық түбі – қорлық" деп,
Болармыз құр келеке.

Екі өлеңдегі де он бес жасар баланың тауып айтқан шеберлігі, сөзінің суреттілігі, өлең құрылысының жатық, әуенділігі сүйсіндіреді. "Торсылдатып танадай" деген теңеу, "Ұрлық түбі – қорлық" – деген нақыл, соғылған дүренің сипаттамасы, "күн ұзаққа боздаған" – деген эпитет, "мереке", "береке", "келеке" – деген ұйқастардың тілге жеңіл әдемілігі болашағы үлкен ақындықтың нышаны іспетті. Ал, он тоғыз жасында шығарған "Сарыбайға" – деген өлеңі ойлы сарынын, жиырма жасында айтқан "Жаныс ақынға" дейтін өлеңі төпеп айтатын арынын танытады.

Сарыбай – Сүйінбай мен Жамбыл шыққан Екей елінің атақты болысы. Кезінде қоқандықтарды жеңген ұрыстарға қатысып, ерлік көрсеткен, кейін ел басқарған абыройлы кісі. Жас жігіттің осындай кісіге тілегін әдемі ойлы өлеңмен білдіріп, кішілік пен кісілікті қатар танытуы "осал ақын" еместігін көрсетеді.

Біреулер малмен бәрін бөктіріп жүр,
Айтқанды ақыл, нұсқа жек көріп жүр.
Көтеріп дүниенің кең-қоқырын,
Апарып қай шұқырға төккелі жүр?
Көңілі кейбіреудің бұлтта жүр,
Ұстауға күн мен айды жуықтап жүр.
Біреулер қара сөзді қамшы қылып,

Қуды мініп, құланды құрықтап жүр.

Қайсысын маған соның еп көресіз?

Әкетсем өзім таңдап, өкпелерсіз.

Сүйекемнің сүйгенін ойласаңыз,

Өлең болсын серігің деп берерсіз.

Өлеңнен айналадағы өмір мен адамдар туралы түсінігі айтарлықтай терең, ойының өресі биік, ақындыққа төселген, тілі кестелі өнерпазды тану қиын емес. "Көңілі көкте, басы жердегі – жаман; өзі кішік, ойы биік – жақсы; Ұстауға күн мен айды жуықтау; қара сөзді қамшы қылып, қуды мініп, құланды құрықтау" сияқты нәрлі оралымдар анау-мынау өлеңшінің аузына түспесе керек. "Дүниенің кең-қоқырын апарып қай шұқырға төккелі жүр?" – деген риторикалық сұрақтың философиялық жауабы тіпті тереңде жатыр.

Кемелденген кездегі өлеңдері

Жамбыл өлеңдері мен айтыстары әуелден халықтық арнадан бастау алады. Сондықтан оның туындыларынан әлеуметтік сарын молынан байқалады. Оның өмір қайшылықтарын ерте танып, олардың сырына ой жүгіртіп өсуі шығармаларын мәнді, салмақты етеді. Жамбыл – ұстазы Сүйінбайдың үлгісімен кім болса да: мейлі болыс-би, мейлі бай, манап болсын, мінін бетіне айтып, кедей-кемтардың, әлсіздің жоқшысы болуды ақындық мұраты еткен ақын. Жамбыл ақындық өнер жайында:

Ақын деген ат болмас, Қытығын таппай сұратпай.

Қандырмай мейір суаттай, Досың болса, күлдіріп,

Жыры болмай бұлақтай. Сүйсіндіріп жұтатпай.

Тұнығы болмай сынаптай. Жауың болса, бүлдіріп:

Алатаудан арындап, Домбыраң – берен,

Асқан судай құлатпай. Жырың – оқ,

Қыбыршыған көңілден Дәл тигізіп, сұлатпай, –

дейді. Жамбыл өзінің шығармашылық ұзақ ғұмырында осы ұстанымынан танған емес.

Ақынның көп жырлаған тақырыбы – "Туғалы сөзі өтпеген, қолы есеге жетпеген, құлшылықтан кетпеген" жарлы мен жалшының азапты өмірі,

кедейдің күйі.

Жаман көйлек жыртылып,
От басында итініп,
Әрі дімкәс, тамақ аш,
Әрі тұттай жалаңаш,
Аш бұралып, күн суық –
Жұрт соңынан жоқшылық
Көшке ілескен итше ұлып.

Аш, жалаңаш, ауру, суықта қалтыраған кедейдің аянышты тағдыры бар болғаны бір-ақ шумақ – жеті жол өлеңге сыйып кеткен. Жоқшылықтың көшке ерген итше ұлуы туралы образ әрі түсінікті, әрі өте әсерлі. Бұл жерде ұлыған ит емес, жоқшылық. Демек, сөз көшке ілесіп ұлыған ит сияқты, жұрттың соңынан қалмай ұлып ілескен жоқшылық жайында. Ақын кедейдің күйін ұлыған аш иттің күйіне теңестіріп отыр.

"Кедей күйі" – деген өлеңінде жоқшылық тауқыметін тартқан кедей балаларының аянышты халі, кедей басындағы жоқшылық, шарасыздық шынайы бейнеленген.

Қайтіп жаның ашымас,
Неткен заман қатыбас.
Еткен еңбек, төккен тер
Қалай түкке татымас, –

дейді ақын күйзеліп. Жамбыл қысы-жазы тыным көрмей, бай малының соңында жүрсе де, ауыр азап, жоқшылықта өмірі өтіп жатқан кедей туралы "Жылқышыға" деген өлеңінде де қабырғасы қайыса, ашына айтады.

Сары түнге сарылып, кірпік ілмей,
Салқын күзде бір жылы үйді білмей.
Сахарада салақтап күндіз-түні
Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей.

Әрідегі Дулат, Сүйінбай, берідегі ұлы Абай сияқты, Жамбыл да өз кезінің билік басындағыларының халық қамын ойламайтынын, әділетсіздігін,

парақорлығын, екіжүзділігін әшкерелеп, көптің алдында беттеріне басады. Мұндай өлеңдерінің тілі уытты, мысқыл, сатираға толы болып келеді. Мұндайда ақын талантының сыншылдық қыры ерекше күшті сипаттарымен көрінеді. Жамбылдың "Сәт сайланарда", "Шалтабайға", "Мәңке туралы", "Қалиға" сияқты өлеңдері – сондай шығармалар. Сәт болыстың елдің сорын қайнатқанын ел көзінше бетіне басса, старшина сайланып келген Көкімге:

Әлде бекіп келдің бе,
Арын сатып бетіңнің?
Бір тояйын дедің бе,
Ақысын жеп жетімнің? –

деп, жетім-жесір, жарлының ақысын жегіш, жемір етіп көрсетеді. Жамбыл дәлел, факт келтіріп жатпайды. Мұнысымен қиянатшылдық билік басына келгендерге ортақ сипат, даусыз шындық екенін білдіреді. Ал Қали байға:

Сойылыңды соғып тұр,
Болысың мен орысың, –

деуінде көп мағына, үлкен шындық бар. Отаршылдар мен атқа мінерлер ауыз жаласып, екі жағы пара үшін байдың сөзін сөйлеп, сойылын соғады дегенге меңзейді.

Ұлық пен төренің, бай-болыстың халыққа көрсетіп отырған зәбірін Жамбыл "Әділдік керек халыққа" деген өлеңінде кеңінен айтады. Өлеңнің шығу тарихы былай екен. Ақын Ұзынағаш базарында Қиысбай деген бай бастаған ұлық, төрелермен кездесіп қалады. Олар Жамбылды жақтырмаған сыңай танытады. Ұлық, төреге бұрыннан ызалы ақын олардың мына астамшылығына өлеңмен жауап береді. Бай мен ұлық, төрелердің әлсіздің ақысын жеп, халықты жоқшылыққа душар етіп отырғандарын, кедейлігі болмаса, олардың ешкімнен кем еместігін, олардың арасында неше алуан асыл азаматтар барын айта келіп, билік пен байлық иелеріне деген өзінің қатынасын былайша білдіреді.

Болыс төре жүрген жоқ, Болыс төре, билері,
Халықты қорлап, жылатпай. Кедейлерге теңдік бер
Шабарманы шаптығып, Қысы-жазы шулатпай!..

Барады елді шыдатпай.

Жырдың келесі бөлімінде билеуші әкімдерге халық мүддесін қорғап, сөзін сөйлейтін ақын тұлғасы қарсы қойылады.

Иттей көрем төрені

Тамаққа тойса үретін.

Халықтың ақын — перзенті

Ақтарып сырды беретін...

Айтқандары өтірік –

Ұлыққа кім бар сенетін.

Сыздауық жара секілді.

Денені сыздап керетін,

Жамбыл ақын сөйлесе,

Жарасы қалар жарылып,

Ел аңғарып көретін...

Үзіндіде халық сөзін сөйлейтін ақынға, оның өнеріне менсінбей қарайтын ұлықтың қылығы, оған деген өзінің жек көру сезімі ұтымды да әсерлі айтылған. Ұлықты денені сыздап керетін сыздауық жараға теңеп, ұлық қанша сызданғанмен, "Жамбыл ақын сөйлесе, жарылып", маскара болатынын ащы мысқылға айналдырады.

Араны байдың ашылған,

Барды жоқ деп жасырған.

Тебеген есек секілді

Тепкілеп орын бермеді,

Бос жатқан жер қасынан.

Көңілі қалды халықтың,

Хан, төре, ұлық, тақсырдан.

Қысым жасап халыққа,

Ары болды қанішер

Қойға тиген қасқырдан.

Өмір бойы осылар

Аяусыз елге қас қылған...

Жуан білек қамшымен,
Нашарларды қорқытып,
Мазалаған, састырған.

Мұнда хан, төре, ұлықтардың бейнесі, олардың халыққа көрсетіп отырған зәбірі, замана сыйқы көрініс тапқан.

Байлықтың түбі пайдадан,
Өтірік-қулық айладан.
Ұрлық-зорлық талаумен
Жүздеп жылқы, мыңдап қой
Байлар судай айдаған.
Жарлының көз жасынан
Жиналған малы зұлымның.
Түншығып босқа тұманда,
Адасып талай халықтар
Төте жол таппай жасыған, –

деген жолдарда сол кездің өмір шындығын суреттей отырып, әлеуметтік қорытындылар шығарады.

Ақынның "Мәңке туралы" әйгілі өлеңінің шығуына мынадай жағдай себеп болыпты. Бір үлкен тойда Жамбылдың сәйгүлік аты күміс ертұрманымен жоғалады. Бұған Қаржау дегеннің қатысы бары анықталған соң, Жамбыл ол елдің болысы Мәңкеге шағынады. Болыс ұрыны жақтап, ақынға теңдік бермейді Сонда ыза болған ақын елдің алдында осы өлеңді айтады.

Жанғойлық болысы пысық келеді,
Мұрындары пұшық келеді.
Екі арадан ептеп жерінде
Көздерін қысып келеді.
Сөздерін ұзарта келеді,
Өңешін қызарта келеді.
Өнімі азырақ жерде
Үстіне тұз арта келеді.
Ыңыранып отырып алады,

Әр алуан қырға салады.

Ақыры, Құдай жарылқап,

Қалталарын толтырып алады.

Мұнда болыстың әділетсіздігі, екіжүзділігі мысқыл, ажуамен психологиялық шебер талдау түрінде бейнеленген.

Жамбылдың жастық шағының мұнды да шуақты сырына толы ақындық өнерін танытатын сұлу жыры – Айкүміспен айтысы. Жамбыл Айкүміске "әуелден-ақ, болдың ойда", "құмары басылмаған албырт едім" – дей отырып, өзінің жүрек сырын, іңкәр көңілін астарлап жеткізеді.

"Жасшылық ұрындырды талай жарға" – деп, өкінішінен де хабардар ете сөйлейді. Жігіттің арманға, сұлу сезімге бөлеп айтқан сөзіне қыз да:

Асылға арсыдағы қол жетпей ме,

Ақылмен қимылдасаң аспай-саспай, –

деп, Жамбылға жөн, жол сілтей сөйлейді әрі өзінің де ішкі, жүрек тереңінде жатқан асыл сырынан хабар бергендей қалып танытады. Айтыс үстінде Жамбыл бойжеткен қыз тағдырының ауырлығын, бағы ашылмаса, бір жаманға қор болып кете барарын айта келіп:

Сол үшін жатсам, тұрсам арманым көп,

Жем болып кете ме деп жамандарға, –

дегенде, Айкүміс, айтыс салтына орай, әріптесіне тиісе сөйлейді:

Жамбыл-ау, күпсінесің неге сонша,

Құтқарып қыз біткенді қалған жанша.

Қолдағы қаршығаңнан неге айырылдың,

Тұтқасы дүниенің сенде болса?!

Айкүмістің "қолдағы қаршығаң" –

деп отырғаны Жамбылдың сүйген, ғашық болған құрбысы – Бұрым сұлу. Бұрыммен Жамбыл бір тойда танысып, айтысады. Бұрым өте сұлулығының үстіне тамаша әнші де, ақын да екен. Екеуі бұдан кейін де талай кездесіп, айтыса жүріп, бірін-бірі шын сүйіп, ғашық болады. Бұрым өзін айттырып қойған жаққа ұзатылатын күн тақағанда, Жамбылға білдіреді, Жамбыл қызды алып қашып, ағайындарына барып паналайды. Бірақ, екі ел арасы бұзылатын

²болған соң, Жамбылды өзіне жақын ұстайтын елдің беделді басшысы – Сарыбай болыс ақынды зорлап көндіріп, Бұрымды әкесінің үйіне қайтарады. Айкүміс "қолдағы қаршығаңнан неге айырылдың?" дегенде, осы жағдайды меңзеп отыр. Бірақ, бұл үшін Айкүміс Жамбылды табаламайды, кінәламайды, "тұтқасы дүниенің" Жамбылдың қолында еместігін, жастардың теңіне, сүйгеніне қосыла алмайтын еріксіздігін айтады. Жамбылға: "Дітіңді білтелемей, білдіре айтшы", – деп қалжыңдайды. Жамбылдың ойнақы әзіліне орай

"Жақсы сөз жан семіртер" – деген бар ғой, Әдепті мінездерің жүрсін ойда, –деп, өзі де сыпайы ұстамдылықпен құрбының жан семіртер сөзін айтады. Бұл жауап тебіrentкен Жамбыл толғанып:

Айкүміс, амалым жоқ, хош, ендеше,

Кетелік сыр білдірмей жат пендеше.

Атыңды, ақ жүзіңді ұмытпаспын,

Кеудемнен қашан менің от сөнгенше, –

дейді. Жамбыл мен Айкүмістің бұл айтысын екі ақынның салғыласқан нағыз айтысы деуге болмайды. Сол себепті профессор М.Жолдасбеков: "Тіптен Жамбыл мен Айкүміс айтысқаннан гөрі, сырласқанға көбірек ұқсайды. Сондықтан да айтыста драмадан гөрі, лирикалық сыр басым", – дейді.

Жамбылдың XIX ғасырдың 80-жылдарында жыр сайыстарында талай рет сыналып, арындап тұрған кезі еді. Бұл кезде егде тартқан, Арқаны, Жетісуды, Сыр бойын аралап, талай айтыста жеңіп, атағы шыққан Құланаян Құлмамбет ақын байтақ өлкенің айтыста алдына жан салмайтын жүйрігі саналатын. Жамбыл мен сол құдіретті Құлмамбетті бір айтыстыру қызық құмар елдің елегізе күткен арманындай еді. Ақыры соның сәті түседі. 1881 жылы Іле бойындағы үлкен бір жәрмеңкеде тоғыз ақынды жеңіп: мерейі асқан Құлмамбет: "Әлгі Жамбылдарың қайда, шақыртыңдар" – дейді. Жамбыл табалдырықтан аттай бергенде, домбырасын қолына ала салып:

Болғанда мен ақсұңқар, сен – бір тауық,

Сен – әтеш айғайлағыш ауық-ауық.

² Жыр алыбы Жамбыл жайлы естеліктер. Алматы: Жазушы, 2002 ж 18-б

Болмаса аты шыққан Сүйінбайың,
Басқасын қою керек жылы жауып.
Ажал түртіп жүрмесін андамастан,
Оқтаулы ақ перенге қарсы шауып, –

деп, Жамбылды біржолата тұқыртып тастамақ ниетімен тұрпат-тұрқынан бастап, кем-кетігін санамалай жөнеледі. Одан әрі майталман жырау таныс даңғылға түсіп, елінің атқа мінерлерін, бай-манабын мадақтап, Жамбыл жағын жамандап, сөз нөсерін төгеді-ай келіп.

Жамбыл-ау, Албан да ағаң, Дулат та ағаң,
Не қылса да артық тұр сенен бағам.
Қасқарау Нұрқанның жылқысын мен қаптатсам,
Қырылар, Шапырашты, бұзау, танаң.
Бұлбұл қабақ бастанған Екейім-ай,
Жұлып алып басыңды кетейін бе-ай!
Не деп айтқалы отырсың бұл өлеңді,
Түбіңе, таза тақыр, жетейін бе-ай!

Айтыс дәстүрінде мұндай "психологиялық шабуыл" кешірімді, сыйымды саналады. Анық дарынды, алғыр ақын әріптесінің айбатынан қаймықпай, қарсы жауап әзірлеп, алып ұратын сәтін күтеді. Құлмамбет өзінің тегеурінді екпінін байқатқан соң, елінің байлығын тізбелеп мақтауға көшеді.

Мұндайдың талайын көрген өжет те дарынды Жамбыл бойын тез жинап, аға ақын күтпеген, әрбір ақын өз руын мақтайтын үйреншікті, ескі сүрлеуге қарсы жаңа – халықтық сарынға көшеді. Өлеңнің түрі мен ырғағын сан құбылта, құйқылжыта келіп:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап әуре болмай жөніңе қайт, –

дейді. Адамдық, батырлық, елдік жоқ жерде адам мен мал басының көптігінде ешқандай қасиет болмайтынын дәлелді, қисынды етіп алға тартады. Осылайша қарсыласын тыңдаушылардың көкейіне қонымды,

салмақты уәжбен тұқыртып алған соң, оның мақтаған байлары мен саудагерлеріне қарама-қарсы елдің тәуелсіздігі үшін күрескен Сұраншы, Сауырық батырларды нағыз ерлер, халық қалаулылары етіп көрсетеді.

Батыр Сауырық, Сұраншы жауда өлген,
Халық үшін шайт болып, жанын берген.
Елді қорғап өлгеннің арманы не,
Қалың қазақ құрметтеп, соңына ерген.
Қажылық қып кетті ме Мақсұт ағаң,
Ағайынмен ұрысып, даудан өлген.
Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ,
Төңіректің төрт бұрышын жалмап өлген...

Жамбылдың сынауы мен мадақтауының тағы бір ұтымды артықшылығы – олардың ел-жұртқа, мына тыңдаушылардың бәріне мәлім шындыққа, нақты деректерге негізделуінде. Екі батырдың есімі де, олардың Жетісуды қоқандықтардан азат етудегі басшылық және қаһармандық ерліктері де баршаға белгілі жайт. Бұған қарсы қисынды ештеңе таба алмаған Құлмамбет айтысты доғаруға мәжбүр болады.

Сөйтіп, Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы өз кезінің әлеуметтік өткір мәселелерін көтеруімен, халықтық, гуманистік сипатымен, образды өлең өрнегімен, идеялық-мазмұндық жақтан айтыстың жаңа өрісін ашуымен бағалы да мәнді. Жамбыл айтыстарынан оның қиыннан қиыстырып сөз табатын, үлкен қоғамдық мәселелер көтеретін, халық мүддесіне табан тіреген хас шеберлігі сезіледі. Ол айтыстардың әрқайсысы табанда сөз тапқыштық, халықтың көңіліндегі арман, мұратты тауып айтқыштық сияқты сипаттарымен ерекшеленеді.

1.3. Жамбыл поэзиясындағы патриоттық жалын

Жамбыл Жабаеттың «Шәкірт балаларға», «Атаның әлдиі», «Балама хат», «Жаңа жыл сәлемі», «Жүз жасаған жүректен», «өнердің өсуі», «балаларға», «Жастық жыры», «Бесік жыры» тағы басқа да көптеген өлеңдері балалар әдебиетінен өшпес орын алады.

Жамбыл «Шәкірт балаларға» деген өлеңінде:

<i>Сендерді қоссам жырыма,</i>	<i>Мектептен сендер келгенше,</i>
<i>Саңқылдап үнім сайраған.</i>	<i>Тағы да бір жыр ойланам.</i>
<i>өаудаңдап кәрі саусағым,</i>	<i>Келген соң, айтып бермесем,</i>
<i>Шекте бойлап ойнаған.</i>	<i>Балалар, кінә қой маған, -</i>

деп ақын ата балалар алдында өзіне үлкен міндеттер қояды. Өзінің жеке басының жақсы сапаларымен де, әсерлі өлеңдерімен де балалардың тәрбиесіне айрықша әсер еткісі келеді. Жас өспірімдердегі барлық жақсы қасиеттерді өздерінің алдарына тосып, сол жақсы қасиеттерден айрылып қалмауға шақырады. Ержетіп өскен сайын балалаық шақтағы жақсы қасиеттерді шындай түсуге, адамгершілік сапаны ардақтай білуге баулиды.

«Балаларға» деген өлеңінде де Жамбыл жас шәкірттер арасында бірер жетідей болмай қалса, «қуанышым, тірегім, жас ботам» деп аңсаған сағынышты көңілін білдіре, оларды өзіне жақын тартып, қуантып, мәз-мейрам етіп, бар ықыласымен жыр төгеді.

Балалар әдебиеті тақырыбына жазылған соғыс жылдарындағышығармалар балалардың жауға деген өшпенділігін арттырады. Жас болса да, оң мен солды танытып, олардың да жауынгершілік рухын көтере түсті. мұны біз оның «Балама хат» деген өлеңінен көреміз.

Жамбылдың жастар мен жас өспірімдерге арналған қай өлеңін алсақ та, ол алдымен жастардың күшіне сеніп, соларды мақтаныш ете жырлайды. өйткені жігер де, күш те, қайрат та солардан табылады. Балаларға осылайша сенім арта сөйлеу олардың күш-жігерін тасытып, рухын көтереді.

Отан соғысы жылдарында қазақ балалар әдебиетінің күші мен оның мазмұны және нағыз халық сипаты бұрынғысынан да айқын көрінеді. Міне, осының өзі балалардың Отанға, өзінің туған еліне сүйіспеншілік сезімін

арттыра түседі. Отан соғысының тарихи тақырыптары балалар әдебиетінде соғыстан кейінгі жылдардағы бейбіт өміріміздің дамуымен де және бейбітшілік жолындағы ізгі күреспен де тығыз байланысты дамып келуде.

Жамбыл өзінің балаларға арналған барлық өлеңдері арқылы жас өспірімдерді көтеріңкі рухта тәрбеилеуді іске асырған және соның тамаша үлгісін көрсеткен.

Көктем деген немене?

- Көктем деген немене?	Көктем деген, балалар,
- Көктем деген көп жаңбыр.	Құлыншақ қой зулаған.
әнге салып әуеде,	Еркелеген далаға
өарлығаш ол тұрған бір.	Құрық салсаң тулаған.
Көктем деген – ашылған	Көктем деген қыстайғы
Бұлақтардың көзі ғой.	әніміз ғой айтатын.
Ақ тұманның басында	Көктем деген құстар ғой
Жаңа туған қозы ғой	Туған жерге қайтатын.

«Шу өзенініңбойымен жүре берсеңіз Хан және Жамбыл деген екі тауға кез боласыз. Менің әкем Жабай бір кезде осы тауларда көшіп-қонып жүрген. Жамбыл тауының етегінде, қақаған қатты боранды күні мен туыппын! Маған сол көне Жамбыл тауының есімі ат болып тағылыпты. Бұл 1846 жылы февраль айы екен. Менің әкем Жабай шокпыт шапанды көшпелі кедей болған.

Тұрған жеріміз құлазыған кең, жазық дала еді. Сондықтан да мен балалық шағымда егісті де, бақты да, арықты да көрмедім. Жазық кең дала менің Отаным болды. Мен киіз үйде өстім. Сол кездені барлық қазақ балаларындай мені де көшкенде бесігіммен алып жүрді. Бала кезімде мен тентектеу болдым. Қарттарды да, әкемді де тыңдағым келмеді. Мені қозы бағуға жіберетін, мен бармай қоятынмын. Маған отын тер дейтін, мен тіл алмай қасаратынмын.

Менің ағам — әкемнің інісі белгілі домбырашы еді. Мен домбыра тыңдауға әуес едім. Он екі жасымда одан домбыраны үйрендім. Домбыра қолыма тнгенде, барлық тентектікті ұмытып, Бүкіл жан жүйем елжірегендей болатын еді. Менің қой баққым келмеді. Домбыра тартып, ән салу мені катты

кызыктырды. Табиғат маған күшті де жуан дауыс берді. Мен далада ән шырқағанда даусым Бүкіл даланы күңіrentкендей сезінетін едім. 14 жасымда әкемнен қол үзіп, өзімше күн көруге мықтап бел байладың. Ораза кезінде үй-үйді аралап, жарапазан айтатын болдым. Менің өлеңім жұртқа ұнап, маған сый-сияпат көрсете бастады. 15-ке толған мен атақты ақын Сүйінбай туратын ауылға келдім. Домбырамды ұстап, оның үйіне танып келдім де, мен әндете бастадым.

Жүрегім менін елжіреп, Көзімнің жасы мөлдіреп, Өткізіп ем ертерек, Өксумен бала шағымды. Көксеген бірақ көбірек, Бақытты болашағымды.

Алба-жұлба киініп, Кедейлікке күйініп, Жаяулап жерді жағалап, Домбыраны сабалап, Безегем тіл мен жағымды.

Сүйінбай Аронұлы

Жамбыл Жабаев



Өлеңіме риза болған Сүйінбай мені үйіне шақырып алып:

— Сенің ақындық дарының бар екен, даусың да жақсы, ұнайсың, жігітім,— деді Сүйінбай.

Қарт ақынның тілеуі бойынша мен көптеген әндерді құйқылжыта айтып бердім. Оның біреуін сол үйде отырып шығардым. Сүйінбайдың ақындық шеберлігіне бас иіп, қошеметімді, өзімнің жастығым мен тәжірибесіздігімді өлеңге қосып, Сүйінбайды аспан әлемін нұрға бөлеген таң шапағына, жарық жұлдызға теңеп, өзімді ақынның інісімін деп атап, көмегін, қолдауын сұрадым. Ол уәде берді.

Бұл менің өмірімдегі ең бақытты минуттардың бірі еді. Сүйінбай түні бойы ақындық, шеберлік жайында әңгімеледі. Сөйтіп мен оның шәкірті болдым, оның өлекдерін жұртқа тараттым. Тек 16 жасымнан бастап қана мен өз бетіммен жырлауға бел байладым, бірақ көрнекті, тәжірибелі ақындармен айтысқа түспедім. Қазақ даласында айтыста жеңілу — ақынның өлгенімен тең саналатын. Сондықтан да мен алғашқы кезде тек жас, онша әйгілі емес ақындармен сөз таластырып жүрдім.

Айтыс



Мен Шу өзенін бойлап көшіп-қонып жүрген ауылдарды аралап, оларға халық өлеңдерін, ертегілерін, қиссаларын, атақты ақындардың өлеңдерін, өз өлеңдерімді айтып беріп жүрдім. Ғасырлар бойы қалыптасқан жәйт суырып салма ақын — рулар мен тайпаларды, ру ақсақалдарын, атақты адамдарды, оқиғалардың бәрін білуге тиіс еді. Ол барлық жаңалықтарға үн қосып, жағдайды ескере білуге тиіс еді. Ақын тілінің өткірлігі, қысылтаянда тапқырлығы, тез де ұтқыр жауап беруі арқылы бағаланады. Ол әріптесін

күлкі, сықақ уытына бөлеп, өзі байсалды, ұстамды болуға тиіс еді. Мен осының барлығын үйрендім.

1941 жылы Жамбылға мемлекеттік сыйлық берілді. Ұлы Отан соғысы күндерінің Жамбыл өзінің өлеңдерінде халқын Отанды қорғауға, еңбектегі ерлікке шақырды.

Жамбылдың ақырғы жыры 1945 жылы 9 майда айтылды. Бұл неміс фашистерін біздің халқымыздың қаһармандықпен жеңгендігіне арналған еді. Жамбыл Жабаев орденмен, Еңбек Кызыл Ту және Құрмет Белгісі ордендерімен наградталды. Жүз жасқа небары бірнеше ай қалғанда, 1945 жылы 22июньде Жамбыл дүние салды.

Жамбылдың «Шәкірт балаларға», «Атаның әлді», «Сәлем саған, комсомол», «Ленинградтық өрендерім», «Балама хат», «Жеңіс жырын жырландар», «Жаңа жыл сәлемі», «Жүз жасаған жүректен», «Өнердің өсуі», «Балаларға», «Жастық жыры», «Бесік жыры» тағы басқа да көптеген өлеңдері балалар әдебиетінен өшпес орын алды.

«Шәкірт балаларға» деген өленінде:

Сендерді қоссам жырыма, Саңқылдап үнім сайраған. Қаздаңдап кәрі саусағым, Шекте бойлал ойнаған.

Мектептен сендер келгенше, тағы да бір жыр ойланам. Келгенсоң айтып бермесем, Балалар, кінә қой соған! —деп, ақын ата балалар алдында өзіне үлкен міндеттер жүктейді. Ақын ата өзінің әсерлі өлеңдерімен балалар тәрбиесіне айрықша мән беріп, бейнелі сөздері жыр етіп төгеді. Ер жеткен сайын балалық шақтағы жақсы қасиеттерді шындай түсуге, адамгершілік сапаны ардақтай білуге, өз Отанынын мақтанышы, азаматы болуға баулиды. Өзін ұялы байтерекке, биік шынарға балаумен қатар, жасыл жапырақтай жамырасқан бөбектердің де биік шынардай болуына талпынтады. «...бала тек адамның жеке басының тікелей тигізетін әсері арқылы ғана тәрбиеленеді. ³Олардың ақылы өсіп, адамгершілігі артып жетіледі. Жеке адамның тікелей тигізетін әсерін ешбір формамен, ешбір уставпен, ешбір тәртіп ережесімен, сабақ уақытының кестемсімен алмастыруға болмайды. Адамның жеке

³ Төреқұлов Н. Жамбыл мен Кене. Алматы: Жалын, 2003; 52-б

басының әсері жас жанға күн сәулесімен бірдей, мұны ешбір басқа нәрсемен алмастыру мүмкін емес — дейді, К-Д- Ушинский. Өзінің жеке басының мінез-құлқын және ақын-жазушылар шығармасынын жоқ.

«Балаларға» деген өлеңінде — Жамбыл жас шәкірттер арасында бірер жетідей болмай қалса, «куанышым, тірегім, жас ботам» деп аңсаған сағынышты көнілін білдіре, оларды өзіне жақын тартып, қуантып, мәз-мейрам етіп, бар ықыласымен жыр төгеді.

Балалар. аманбысың, шырақтарым, Жабысып көлге біткен құрақтарым, Жүрмесем есендесіп тұра алмаймын, ішінен асып кете бір аптаның,—деп, бірден тасқындата, балаларды өзіне еліктіріп, қызықтыра сөз маржанын тізеді. Ақын ата бұл өлеңінде адам баласының ертеден арман еткен тілегі, болашақтан күткен үміті, балаға деген барлық махаббат, олардың бақыт бақшасы — даңқты партияның басшылығы арқасында ғана біздің, ұлы Отанмызда іске асқанын жыр етеді.

Балаларды кеңестік патриотизм рухында тәрбиелеу міндеті соғыс жылдарында бұрыннан гөрі ерекше жауаптылықпен қолға алынды. Жас өспірімдердің рухын көтеретін Жамбыл өлеңдерінің осы жылдар ішіндегі ролі, оның патриоттық рухы жастар үшін мейлінше ықпалды болды. Елімізге қатер тудырған неміс басқыншыларының зұлымдық әрекеттері әдебиетіміз бен мәдениетіміздің өркендеп өсіп бара жатқан бағытын тоқыратып, тоқтатып тастай алған жоқ. Балалар әдебиеті тақырыбына жазылған соғыс жылдарындағы шығармалар балалардың жауға деген өшпенділігін арттырды.

Жас болса да, оя мен солын танытып, олардың жауынгерлік рухын көтере түсті. Ақын «Балама хат» деген өлеңінде:

Есінде, балам, бар шығар, Айтқаным Отан әмірін. Шегінбе жаудан жанды сал, Шешілмек содан тағдырың— деп, әкелік әмірін көрсете, баласынын алдына шарт қойып, жауапты міндеттер жүктеді. Балаға үміт арта сөйледі:

Аянба, балам, аянба! Бәлекет сонда аршылар. Алғадай, ылғи алда бол, Аянған адам болмақ қор! Бәйгеге барын тігемін,

Сендерге арнап осы жол. Достарыңа осыны айт, Жауларыңды жеңіп қайт! Айтарым арнап, саған сол әке әмірі екі етілген жоқ орындалды. Көп ұлтты қаһарман кеңес халқы жер жүзінде өздерінің ерлік, патриоттық күшін танытып, Отан соғысын жеңіспен аяқтады. Басқыншылықпен кіріп, біздің бейбіт өмірімізді шайқаған неміс қарақшыларының тасталқанын шығарды, тізе бүктірді, жермен жексен етті. Балаларға арналған Жамбыл өлендерінің патриоттық сезімдерге толы күш-қуаты осындай ерекшеліктерінен көрінеді. Жыл сайын ақпанның соңғы күндері Жамбыл мұражайында жыр алыбының туған күніне орай жиын өтеді. Ұлы ақынның ұрпақтары, қаламгерлер бас қосып, ата жайлы, оның телегей теңіз мұрасы жайлы ғибратты сөз, естеліктер айтылады. Дастарқан жайылып, ұлы ақын рухына бас иіп, дұға бағыштаймыз. Біз осы бір шараға қатысқан сайын үнемі бір өзгеше әсерде боламыз. Ең алдымен, жүз жасаған абыздың аруағын тым жақыннан сеземіз. Жаңа ғана шапанын сүйретіп, жай басып жанымыздан өтіп кеткендей. Ол басқан топырақта әлі суымай табан ізінің жылуы жатқандай. Ауада қалқып шалдың шапан исі қалғандай. Сондайда өкініш баурайды. Көзі тірісінде бала болып осы шалдың киелі шапанының шалғайына бір кіріп-шықпағаныңа өкінесің. Сөйте алған ұрпақтың бақытына қызығасың. Соның өзі-ақ былайғы өмірде рухани азық, жанға медет болар еді-ау! Осындайда дана тұлға, өмірде көрмегені жоқ шежіре шалдарды сағынасың. Сол шалдар қасиетті ақ дастарқан басында алқа-қотан отырып, әңгіме қозғағанда босаға жақта отырған біздің көз алдымыздан көлбеңдеп күллі дүние өтер еді-ау. Өткен ғасырмен бірге келмеске шапанын сүйретіп, көшпелі дәуір куәсіндей “дария кеуде тау мүсін” қариялар да өтіп кетіпті-ау! Біздің бала кезімізде ондай қариялар әр ауылда болушы еді. Сөйлеп кетсе табан астында тарих тіріліп қоя берер еді... Аузында дұғасы, өн бойында иманы тұнған сол қариялар ауылдың даналық қазынасындай көрінуші еді. Ал енді сол кемеңгер қариялар, арасына домбырасын көтеріп алыстан жырау келер болса, бәрі ысырылып төрден орын беретін. Өйткені, кемеңгер қариялар әр ауылда кездесе де суырыпсалма сайыпқыран жыраулар әр ауылда кездесе бермейтін. Жыраудың орны бөлек. Сондықтан да олар ескі ауылдың сағына

күтетін қонағы. Кітапхана, баспасөз, театр, кино, теледидары, радиосы жоқ ол заманда ескі ауыл үшін жырау-жыршының келуі бір мереке болатын. Өнер мерекесі. Тек қана өнер мерекесі емес, сондай-ақ жеткіншек ұрпақ үшін теңдессіз мектеп, елдік пен ерлік мерекесі. Жамбыл ата естелігінен: “Ел менен жыр сұрағанда, кепкен ботаның тұлыбына еміренген маядай, батырларды жырла дейтін. Мен де жұрттың тілегіне сәйкес Өтеген батыр, Саурық батыр, Сұраншы батыр, Көрұғлы батыр, Алатай Жапарқұлдың жырларын айтатын болдым. Ел есіткенде ыңыранып жылайтын...”

Байқайсыз ба?! “Батырларды жырла дейтін”, “Ел есіткенде ыңыранып жылайтын” дейді Жамбыл ата. Шолақ қайырылған осынау жолдар астарында неткен ауыр ақиқат, телегей теңіз сыр жатыр! “Ыңыранып жылайтын” дейді. Астапыралла! Аузына қараған дүйім жұртты “ыңырантып жылатқан” ол неткен құдірет!? Дүйім жұртты жылатып, жүрегін көздің жасымен шылатқан неткен құдірет!? Дүйім жұртты аузына қаратып жан-дүниесін дүр сілкінткен ол қандай сиқыр?! Біздің мынау мүмкіндігінде шек жоқ дамыған заманда, жалт-жұлт еткен заманауи өнеріміз дәл солай қарақұрым халықты қойдай иіріп қойып ыңыранта ала ма? Тереңін шайқап тебіренге ала ма?! Ал жалғыз домбыралы жалғыз жырау сөйте алушы еді ғой. Сонда бұл феноменнің сыры неде? Ол нендей құдірет? Сөйтсек, ол құдірет — ұлы жырау Жамбылдың көмейінен күмбірлеп құйылған жыр құдірет екен. Өзелден атамыз қазақ табынған сөз құдірет екен. Оған тағы да екі құдірет қосылады екен. Домбыраның сазы мен жыраудың әуезі. Осынау үш құдіретке ие болған жырау ғана бұл өнердің шарықтау шыңына көтеріле алыпты. Халық сүйіспеншілігіне бөлене алған. Ұлттың рухын қалыптастыруда айрықша рөл атқарған. Тіптен, шешуші рөл атқарған. Шаршы топта Жамбыл жырау толғағанда “елдің ыңыранып жылауы” содан. Осынау үш өнер – сұңғыла сөз бен сылқым саз және күміс көмей әуез дарыған жыр сүлейімен жүздесу қашанда сананы сілкіп, сұрапыл сезім дауылын қозғаған. Тыңдаған жұртты ыңырантқан. Ондай жүздесуде қаңсып жатқан шөл аспанын қақыратып найзағай ойнап нұр жауғандай жанға дауа шипалы сөз-жаңбыр нөсерлейтін болған. Шөліркеген шөл даланың сусыны қанып, аспаннан райыс нұры

құйылатын болған. Тыңдарман қауым рахат арылу күйін кешкен. Рухтанған, түлеген, жаңғырған, желпінген, тазарған, ширыққан. Ал енді осы қаумалаған кара құрым қауымның жан дүниесіне жыр жаңбырын нөсерлеткен құдіретті өнер иесінің өзі қалай қалыптасты? Бастауын қайдан алды? Мұндай дәстүрлі өнер тек ғасырдан ғасырға, ұстаздан шәкіртке жалғасу, сабақтасу арқылы жеткені айғақ. Кез келген жыраудың қайнар көзіне үңілсеңіз, соған көзіңіз жетеді. Бұл өнердің түп-тамыры көз жетпес көне дүние түкпірінен басталады.

Бұл өнердің бастауы тым әрі, орта ғасырлардағы Сыпыра жырау, Асан қайғыдан да әрі Қорқыт ата, одан да ежелгі түркі тарихын жырмен тасқа қашаған Йоллытегін, Тонькөк жырауларда жатыр, аты қалмаса да соңында “Ергенекон”, “Алып Ер Тоңға”, “Аттила”, “Томирис” тәрізді жырларының жаңғырығы қалған ежелгі түрік, ғұн, сақ жырауларында жатыр делінеді. Ендеше, жыраулық өнер – сабақтас өнер. Алыстан келе жатқан алтын тін – жібек арқау үзілместен жалғанып жиырмамыншы ғасырға жеткен. “Жалғанып” дедік. Ендеше, бағзыдан келе жатқан баба жыр-дәстүр, алтын арқаудың келесі жас ұрпаққа көшер, жалғанар тұсы болғаны. Бұл өзі “Олимпияда отын” көтеріп жүгірген желтабанның қолындағы мәңгілік алауды өшіріп алмай келесі желтабан жүйрікке тапсыру сәтін елестетеді. Талантты шәкіртке тарлан ұстаздың кездесу тұсы. Немесе, жыраулық өнердің жалғануы. Жыраулар тағдырында ол бір өмірге қайта келгендей таңғажайып сәт. Оны тек бастан кешкен біледі. Өйткені, ол – шәкірттің анадан қайта туғандай ақын болып оянар сәті. Санасына ұлы өнер жарқ еткізіп сәуле шашып жарықтандырып, жан дүниесін астан-кестең еткен сәті. Ол әсерді сөзбен жеткізу қиын. Сезімтал бала бастан кешкен мұндай сәт адам санасына өшпес із, тозбас таңба салады. Балғын жастың болашақ тағдыр арнасын өзгертеді. Мұны балауса шағында ұлы жырау өнерімен жүздескен жан ұға алады. Сондай күйді бала Жамбыл да жасы он үштен аса бере бастан кешкен. Алатау бөктерінде Сәтімбай жайлауында отырған өз ауылында ұлы жырау Сүйінбаймен жүздескен. Жапаның үйінде отырып ұлы жырау қаумалаған халық алдында соны бір мақаммен соны бір дастанды бастайды. Бұған дейін ауыл арасы әнші, күйші, жыршыларды талай тыңдап жүрген Жамбыл бала

үшін бұл мақам, бұл толғаудың аяқ алысы бөлек, бір тосын да тылсым жыр әлемі болғаны анық.

Бастайын Көрұғлының хикаятын,

Түрікмен Текежәуміт дейді затын.

Әкесі Көрұғлының Раушанбек,

Толыбай арғы атасы аталатын

– деп боздай бастаған жырау дастан қақпасын жұртқа соныбір қоңыр сарын, парасат сабырмен аша түседі. Сол қақпаның арғы жағындағы тылсым әлемге мына қаумалаған қалың жұртты бастап ертіп жетелеп барады. Бала құлағы бұрын шалмаған қызылбастың қанқұйлы патшасы мен түріктердің текетірес заманы көз алдында іңірде пері көшкендей көлбеңдеп өре бастады. Жырау көмейінен өрбіген кең құлашты зор күңіреніс алыс заманның ащы шындығын тіріліп, пияз қабығындай біртіндеп арши түсті. Бұл күңіреніс, зор күңіреніс бейнебір ұмыт қалған бағзы дәуір бабалар гөй-гөйі. Парасатты. Сабырлы. Терең толғаулы. Сол үн, күңіренген көне үн жыраудың тәңір дарытқан таңдайы арқасында алыстан ғасырлар қойнауынан оянып, күмбірлеп бүгінгі тірі құлаққа талып жетеді. Жамбылдың бала құлағы ұлы жыраудың көмейінен көне мақаммен өрілген түйдек-түйдек шумақтарды қомағайлана қылғытады. Табиғаты сирек алтын сөз. Асыл жақұт, маржан сөз. Бірін шашпай, шашау жібермей теріп отыр. Жырау толғауымен сол сөздерден құралып кең тынысты батырлық дастанның оқиғасы да өріліп барады. Өрілген сайын елге қалқан болам деген жас батырды қатал заманның қатыгез тағдыры біресе отқа, біресе суға салады. Шындап ширатады. Сүйінбай жыраудың “Көрұғлыны” айтқандағы мақамы қандай десеңші! Кісіні естен тандырады. Көне түркілердің көмей толғауы. Кейде ботадай боздап желіп отырады. Кейде қайқаң қағып көкке қыранша самғайды. Биіктен сорғалайды. Құлақтан кіріп бойды алады. Сана сезімінді солқылдатады. Сондықтан да сиқырлы, соны. Бала Жамбылдың санасын матап, шырмап, баурады. Тыңдаған сайын ұстаз тұлғасы көз алдында биіктеп, қол жетпес күдірет иесіне айналып барады. Айберен аруақтанып, айшықталып түседі. Жырау барған сайын арқаланып, көз жанары шақпақтай жарқылдап арсы-гүрсі

өркештеніп барады. Батыр жауға шапқанда өзі де қалың қамысқа тиген өрттей қаулап дүрілдейді. Батыр жаумен жағаласқанда бейнебір қарсы келген жаумен өзі бетбе-бет келгендей өршеленіп, екіленеді. Не болар екен деп оны тыңдап отырған жұрттың зәресі ұшады. Ал бала Жамбыл болса көз шарасы ұлғайып Қөрұғлының қасында қан майданда бейне өзі жүргендей ширығып алған. Ұлы дастан таң сарғайып, тау иығынан жылтырап күн сығалағанша толас таппады. Соған дейін ана құшағындағы сәбилер болмаса киіз үйдің туырлығын түріп қаумалаған қалың жұрт кірпік ілген жоқ. Әсіресе, бала Жамбыл әрі-сәрі.

Ұлы өнер сыйлаған ұлы бақыттан есі шығып есеңгіреп қалған. Ұлы жырау толғаған ұлы дастан әсерінен шыға алар емес. Бала Жамбыл ол әсерден ғұмыр бойы шыға алмасын ол сәт аңғарған жоқ. Бұдан былай Сүйінбайға сыйынбай сөз сөйлемейтінін түйсінген. Бұл кездесуден кейін бала Жамбыл ұлы жыраудың жанынан қарыс қадам қалған жоқ. Баланың айтқыштық талантын аңғарған ұлағатты ұстаз да ақ батасын беріп, Жамбылды шәкіртім деп жариялады. Шәкірт баланың төбесі көкке жетті. Осы күннен бастап ұстазы табылған Жамбыл бала ұлы өнер айдынына шындап құлаш ұрды. Жыраудың атқосшысы болып ел аралады. Сүйінбай айтатын жыр жалғыз “Көрұғлы” емес екен. Айлап айтса да таусылмайтын айдын шалқар көл екен. “Мың бір түн”, “Шахнаме”, “Манас”, “Ләйлі-Мәжнүн”, “Тотыкамал”, “Сейтбаттал”, “Қыз Жібек”, “Орақ-Мамай”, “Едіге”, “Шора батыр”, “Қабанбай”, “Бөгенбай” “Ерназар – Бекет”, “Садыр патша – Жамбыл патша”, “Өтеген батыр”, “Сұраншы батыр”. Осылай жыраудың жыр қоры тізіліп кете береді. Бала Жамбыл осы жырларды құлағына құя берді. Жаттай берді. Жаттаған сайын өресі де, өрісі де кеңейе берді. Жас Жамбыл қиядағы ұясында қанатын қомдаған бала қырандай. Қанаты қатайып, күні келгенде шаңқылдап жыр көгіне көтерілді. Тау қыранының дауысы алысқа жетті. Ұяда көрген тәлімі жыр додасында жебеді. Қолтығынан демеді. Шаршы топқа түскенде шалыс қадамнан сақтады. Ақын деп аузыңа қараған қарақұрым халықпен бетбе-бет қалудың өзі қатал сын – қылкөпір екен. Ол көпір үстінде сен жан-жақтан, төменнен қадалған мың сан көз ұшында жалғызсың. Әр

кимыл, әр қадамыңды қалт жібермей қадалған көздер. Табаның тайды екен, құладым дей бер дозақ отына. қылкөпірден қаз-қаз басып, сиынған пірің жар болып, аман-есен өттің екен... алдыңда абырой, атақ, даңқ күтіп тұр... Жыраудың жәннат бағы... Халық алдына шыққан сайын немесе мың сан назар ұшында осынау қылкөпірге көтерілген сайын Жамбыл жырау да шыңдалып өнер шыңына көтеріле түсті. Тіптен бұл өнердің еш ұстаз айта алмайтын қырық қатпар қыр-сырына қанықты. Мысалы, жырдағы батыр ол, ең алдымен, мына қаумалаған жұрт сенімінен шығуы тиіс. Ол отқа салса күймеуге, суға салса батпауға тиіс. Қорқу дегенді білмеуге тиіс. Бір өзі он емес, жүз кісі қарсы келсе де қоғадай жапырып, қырып салуға тиіс. Ол пендешіліктен ада. Халық үшін туып, халық үшін қажет болса өлуге тиіс. Батырдың сүйгені міндетті түрде ақылға дана ару жар. Жалпы қазақ түсінігіндегі әйелге тән жақсылықтың, жақсы қасиеттің бәрі батыр сүйген қыздың бір бойынан табылуы керек.

Батырлық дастанның талабы осы. Өйткені, жырау алдында отырған бозбала – батырдан үлгі алуы керек, қыз бала батыр сүйген қыздан үлгі алуы керек. Тыңдарман талабы осы. Мінеки, сондықтан да батыр мен оның сүйгенінің бойында да, ойында да мін болмауы керек. Мін байқалар болса, оны жырау дереу қырнап, жонып-жөндеп тыңдарманға әдемілеп жеткізуі керек. Оқиға желісін де әр айтушы жырау осылай өзінше дамытып отырады. Осындай әр жыраудың сүргісінен өткен жырда қырнала-қырнала мін қалмайды. Тап-таза, жалт-жұлт еткен жауһарға айналады. Тыңдарманға керегі осы. Тыңдарман жырауды да жағымды кейіпкерлер көтерілген кісілік биіктен көргісі келеді. Ол оңай талап емес. Нәтижесінде, жырау өзі қолдан қашап жасаған батырларға, даналарға тартпай тұра алмайды. Ерлік, мәрттік, тектілікті жырлап, жағы талмай насихаттай бергеннен кейін келе-келе жыраудың өзі де трансформацияланып, өзі насихаттап отырған ержүрек батырларға тарта бастайды. Егер жұрт алдында жырау өзі насихаттап отырған ерлерге емес, ездерге ұқсап отырар болса, оның сөзінде пәтуа болмай далаға кетіп, оған жан сенбес еді. Осы тұста бір тойда өзіміз көрген бір эпизод еске түседі. Марқұм сирек талант иесі Қаламқас Орашева сол тойда сұңғыла жырау

Н.Байғаниннің “Нарқыз” дастанынан үзінді жырлады. Батыр қызды жырлаған жырау қызымыз Қаламқас сахнада тіпті екіленіп, аруақтанып кетті. Біздің көз алдымызда қайраты бойға сыймай тасып, жай отындай жарқылдап бейне батыр қыз Нарқыздың өзі отырғандай көрінді. Жыр аяқтала салысымен арынын баса алмаған Қаламқас сыртқа шықты. Мен де сыртқа шықтым. Жыршыны тамаша өнерімен құттықтадым. Сөйтсем, Қаламқас бейне аламан шабыстан тұяғы қызған бәйге атындай арынын баса алмай екі иығынан дем алып тұр екен. Әлі өз-өзіне келе алмай тұр екен. Осы сәт жырау қыз маған арқалы жандай көрінді. Осындай трансформация болмаса, яғни жырау жұрт алдында бір мезет өз-өзін ұмытып, дастан кейіпкеріне айналып кетпесе өнері тыңдарман қауымды құрықтар құдірет-күшке айналар ма еді? Әй, қайдам.

Яғни, жырау жұрт алдында, мезгіл алдында батырды сомдаушы. Батырдың мәңгілік бейнесін граниттен қашаушы, мүсінші. Тек қана қашап қоймай, ол бейнеге “үп” деп үрлеп дем салып жан беруші. Жасымас жігер, қайтпас қайрат беруші. Жыраудың жанартау жүрек оты, тасыған күрескерлік қайрат-куаты түгел жыр арқылы батырдың бойына көшеді. Жырдағы батыр әсіре ардақталып дәріптеледі. Демек, жырау кім десек, ол – дастандар арқылы бізге жеткен батырлар мен сұлулардың атасы. Жырауларды сондықтан халқымыз олардың өздері жырлаған батырлардан кем қастерлемеген. Бүйтіп яғни, өзі айтқан жырымен бірге өсіп, бірге өну, елге тұтқа болған батырлармен бірге туып, бірге өлу барлық жыраулар өткен мектеп. Міндетті рухани мектеп. Сол мектептен өткен жырау сөзсіз өз дәуірінің абызы. Сондықтан да Сыпыра жырау, Асан қайғы, Бұхар жыраулар өз заманында сөздеріне хандар тоқтаған тарихи тұлғалар болған. Бұл дәстүр жаңғырығы Жамбылдың жыраулық өнері шарықтаған 19 ғасырға да жетті. Бірақ, жырауы қалса да, хандары мен билері жоқ, оның орнын орыс ояздары басқан, ел еңсесін отарлық езген зар заман еді ол. Жыраудың балалық шағы тек қана орыс озбырлығы емес, Қоқан тепкісін де көрген жүрегі қаяулы қалың жұрттың арасында өтті. Басқыншылармен арыстандай алысқан Сұраншы бастаған қазақ батырларын Жамбыл көзбен көрді. Отансүйгіштік, күрескерлік, ұлт азаттық ұрандарын өз құлағымен естіді. Ол ұрандар жырға айналып, халықтың жігерін жанып,

жүректерде отаншылдық отын жақты. Кешегі бала Жамбыл енді күрескер дана Жамбылға айналды. Оны “Сұраншы батырдағы” мына жыр жолдарынан оқимыз. Жетісуды басып алған Қоқан ханы Құдиярдың 20 мың әскеріне небәрі 300 сарбазбен қарсы шыққан Сұраншының майдан алдында жігіттерге жігер беріп айтқан сөзі:

Батыр туған жігітке
Шабатын жаудың көбі жоқ.
Суырып қылыш ат қойсаң
Қарсы тұрар бірі жоқ.
Еңкілдеген шал анау,
Шырылдаған бала анау.
Қуыршақ болған жауыңа
Келіншек пен қыз анау.
Көзім тірі тұрғанда
Қорлыққа қалай көнейін?!
Жауым көп деп жасқансаң
Сендерді дос демеймін.
Қашар болсаң қырамын,
Кетпейсің тірі біреуің.
Ел үшін жанды қимасаң
Ер деп қалай сенейін.
Ақ сүт берген анам – ел!
Үлгі берген атам ел.
Халық үшін мен лақ,
Жау қолында өлейін.

“Жау қолында өлейін” дейді Жамбыл. Батырдың да, ақынның да сөзі осы. Оны тыңдап отырған қарақұрым халықтың да сөзі осы. Жырау тек қана жыр жырлап отырған жоқ. Ұстаның болат балқытар гүмпілдеген көрігіне айналып отыр. Сол көрігін, жыр көрігін гүмпілдетіп, ұста ұстаз ертеңгі ел қорғайтын

жас ұрпақты шыңдап отыр. Ал, біз болсақ, бұл мысалдан ұлт рухын шыңдайтын ұстахананы көріп отырмыз. Ұстасы – жырау. Осы ұстаханада замандар бойы үзіліссіз, ұлт рухы шыңдалыпты. Жырау алдынан жас та, кәрі де намыс жігері жанылып, жау көрсе жолбарыстай атылуға дайын отан қорғаушылар шығыпты. Ездер ер болуға ұмтылып, ерлер арыстандай азуын айға білепті. Осылайша, бұл ұстаханада қазақтың ел мен жер дегенде өре түрегелер өршіл рухы шыңдалыпты. Ол ұстахананың маңдай тері сорғалап балға ұстаған ұстасы – жырау, ұлттық рухтың ұстазы.

Күлдір де күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз.
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екенбіз.
Жалаулы найза қолға алып,
Жау қашырар ма екенбіз!

— деп арындаған Ақтамберді жырау қартайып, өлер шағында “Бар арманым айтайын, батырларша жорықта, өлмедім оқтан қайтейін!” деп аһ ұрған. Жыраулар мұрасына қалай көз жүгіртсеңіз де бұрқ-сарқ қайнаған батырлық рухқа кездесесіз.

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда...
Күмбір күмбір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда...
Алты құлаш ақ найза,
Ұсынып шаншар күн қайда...

Бұл Доспанбет жыраудың арманы. Ерлік пен елдік жыраулардың төбеге көтерер туы болыпты. Тыңдаған құлақты ұйытқан жыраулар, қазіргі тілмен айтқанда, халық идеологтары болыпты. Сондықтан да Бірінші Дүниежүзілік

соғыс тұсында Ақ патша Мекалайдың жергілікті әкімдері Алматыға ақындарды жинап, патша саясатын жырландар деп қолқа салады. Сол жиында болған Жамбыл:

“Үгіт айтып, патшаны мақта” деді,

“Болып жатқан соғысты жақта” деді.

“Одан басқа жырыңды айтпа” деді – деп мәлімет береді .

Жамбыл Мекалайды мақтамақ тұрмақ, оған қарсы көтерілген 16 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын қолдап кеткен. Ел басына күн туған алмағайып тұста халқымен бірге болған. Отан қорғау тақырыбы Әке ретінде жүрегі сүйікті ұлы Алғадайдың екінші Дүниежүзілік соғысқа аттануына қарсы болса да, Жамбыл жырау ретінде ол баласының батырларша жауға аттануын қолдаған. Оған мына сөздері куә.

Атаңнан бата ал, балам,

Арғымақ атқа мін, балам,

Ақ сақалым желбіреп,

Артыңнан қарап мен қалам.

Ел қорғаған ерлерді ғұмыр бойы жырлап келген абыз ақын ел қорғаудан қасиетті ештеме жоқ екенін білетін ежелгі жыраулық дәстүрді аттай алмаған. Алайда, болашақты болжайтын кәрі абыздың жүрегі бір жаманатты сезсе керек. “Сталинге сәлем айт, Алғадайымды қайтарсын!” деп сол кездегі Қазақстан басшысының алдына барады. “Жәке-ау, Сталин маған “Менің де балам соғыста жүр ғой!” десе, не болдым!” деп ол шарасыздық танытады. Жырдың алыбы болса да сол кездегі қатаң сталиндік саясатқа сөзін өткізе алмаған Жәкең ауылға жабығып қайтады.

Ақыры, кәрі жүректің күдігі шындыққа айналып, майданнан “Алғадайдан айырылды!” деген қаралы хабар келеді. Жүзге таяған шағында абыз Жәкең ботасы өлген аруанадай боздап қалады.

Мінген атым сұр бөрте,
Алғадайды алдың еп-ерте.
Мен жыламай кім жылайды,
Жал-құйрығым кеп-келте.
Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба?

Алғадайдан айырылу абызды титықтатып кетеді. Араға жыл салып өмірден өзі де өтеді. Киіз үйде өмірге келіп, өмірінің денін киіз үйде өткізген ұлы абыз сол түні ауладағы киіз үйінде түнейді. Таң ата аяқ жақ тұсында жатқан пірі – қызыл жолбарысты көреді. Қызыл жолбарыс орнынан тұрып, ашық тұрған есіктен шығып кетеді. Жамбыл үш рет айғайлайды, бірақ жолбарыс қайтпайды, Алатауға өрмелеп кете барады. Жүрегі қалтыраған ақын ата бұны өзінше жориды. Бес уақыт намазын қаза қылмаған ұлы ақын дереу кәлимасын қайырып, дұға оқиды. Ағайын жұртты шақырып, әлгінде ғана қызыл жолбарыстың бұны тастап кеткенін айтады. Жарық дүниемен қоштасар күні таяғанын жариялайды. Босаңсыған келін-кепшікке басу айтады. Сүйегімді осы киіз үй тұрған аулаға қоярсыздар деп өсиет етеді. Араға аз ғана күн салып, алыптың тоқсан тоғыз жыл соққан жүрегі мәңгілік тыншым табады.⁴

Тарихтың бұл тұсы, Жамбылдың дүниеден өткен тұсы, өткен ғасырдың алғашқы жартысы Еуразия даласында әлімсақтан өркен жайып келе жатқан көшпелілер өркениетінің де тарих сахнасынан көшіп жатқан тұсы еді. Ұлы

⁴ Жамбыл әлемі. Алматы: Өнер, 1996. 18-б

далада әлімсақтан сәні бұзылмай, тырнадай тізілген көшпелілер көші отызыншы жылдарда орын алған озбырлықтан ойраны шығып жатты. Ол тұрмыспен бірге сол мәдениеттің жыраулық тәрізді төлтума өнері де тұншықтырылды. Қудаланды. Немесе олар жырлап келген дастандарға тыйым салынды. Сөйтіп, ауыз әдебиетінің соңғы дүлдүлі Жамбылмен бірге көз жетпес көне дәуірден өткен ғасырға дейін жеткен көшпелі өркениеттің ұлы өнері — ауыз әдебиеті де тарих сахнасынан көшті.

Тоталитарлық жүйе жыраулық өнерге қанша теріс қарағанымен, ол өнер тип-типыл тіл тартып кете қоймады. Халық жадында сақталды. Немесе бүгінгі күнге кешегі дүлдүлдер дүбірінің жаңғырығы болып жетті. Тәуелсіздік таңымен бірге жыраулық өнер де қайта жандана бастады. Алайда, бұл өнердің болашағы ойлантады. “Елу жылда ел жаңа” демекші, тыңдаушы құлақ өзгеріп кеткен еді. Өйткені, жыраулық өнер тұншықтырылған соңғы жарты ғасырда өмірге жаңа ұрпақ, жас ұрпақ келді. Бұл өнер үнін құлағы шалмаған ұрпақ келді. Жыраулардың алдын көрмей өскен ұрпақ, өкінішке орай, ұлттың кешегі өткен ұлы эпикалық рухынан сусындай алмай өскен ұрпақ. Сол сескентеді. Ұлы дала рухын, сол даланың өзіндей дархан қазақ рухын, көшпелілердің ерлікке толы эпикалық болмысын жырау өнеріндей бере алатын өзге өнер кем де кем. Ұлттық рухтың атамзаманнан келе жатқан алтын тінінің ұшы жыраулық өнерде. Содан айырылып қаламыз ба деген күдік мазалайды.

Жыл сайын ақпан айында жыр дүлдүлі өмірге келген күні Жамбыл мұражайына жиналамыз. Ауыз әдебиеті алыбының рухына тағзым етеміз. Жамбылға тағзым, сондай-ақ, “ауыз әдебиеті” атты алыпқа тағзым еді. Кешегі күнге дейін алашты алаш еткен, қазақты қазақ еткен қайталанбас ұлан-ғайыр ұлы өнерге тағзым еді.

II-Тарау.Ж.Жабаев өлеңдерін оқыту

Жабаев Жамбыл (1846 – 1945) – қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлділі, жырау, жыршы. Туған жері – Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегі. Топырақ бұйырған жері – Алматы облысының Ұзынағаш елді мекені. Шыққан тегі – Ұлы жүз Шапырашты тайпасының ішіндегі Екей руынан шыққан Жапа деген елге қадірлі адамның отбасында дүниегекелген.

Жамбылдың өсіп - өнген топырағында ән – күй, ақындық – жыраулық өнер айрықша биікке көтерілген. Өз анасы Ұлданның ақындық талантын бойына сіңірген, «Менің пірім – Сүйінбай...» деп Жамбылдың өзі жырға қосқандай, Сүйінбай Аронұлы сияқты жыр даңғылынан тәлім – тәрбие алған. Жамбылдың ақын болып қалыптасуы тек Жетісу ақындық мектебінің ауқымында қалған жоқ. Ол өзіне дейін өмір сүрген атақты жыраулардың, өзімен қатарлас ақындар мен жыршылардың бай мұрасын, күллі халық поэзиясын толық меңгеріп, өз шығармашылығына тұғыр еткен. Асан Қайғы, Бұқар жырау, Шөже, Балта, Шернияз, Шортанбай, Дулат, Сүйінбай, Досқожа, Нысанбай, Майкөт, Майлықожа, т.б. ақындарды үлгі тұтқан. Сонымен бірге Жамбыл туысқан қырғыз елінің де сөз өнерін жетік білген. Қырғыз манасшылары мен жомоқшылары арасында әріптес достары көп болған, солармен бірге қырғыз айылдарын аралап, өлең айтып, жыр тоғытқан, күй тартып, айтысқа түскен. Атақты Тоқтоғұл, Мұраталы, Әлімқұл, Балық, Тыныбек, Қатаған сияқты дүлдүлдермен өнер сайысына түскен, солармен жарыса «Манас» , «Ер Төштүк» эпостарын жырлаған. Олардың ілтипат – ықыласына бөленген. Жамбыл бүкіл әлемге тараған «Мың бір түннің» тарауларын, Орта Азия мен Кавказ халықтарына ортақ «Көрұғылы» жырын, Фирдоуси «Шахнамасының» үзінділерін жасынан жаттап алып, айтып жүрген. Осындай қайнарлардан нәр алған Жамбыл өсе келе тек қазақ еліне ғана емес, барша әлемге әйгілі жырау, ақын, жыршы болып қалыптасқан. Сөз өнерінің бұл үш түрін бір адамның меңгеруі – сирек кездесетін құбылыс. Ал Жамбыл өзін әрі жырау, әрі жыршы, әрі ақын ретінде

сезінген («Шын жүректен жыр төгіп, сөйлеп бір кетті жырауың», «Нені естісек, соны айту – ежелден ісі жыршының», «Жамбыл ақын сөйлеген сөзді бекердемеңдер»).

Жүз жыл өмірінің сексен бесін өлең – жырмен өткізген Жамбыл - өткен екі ғасырдың куәсі болды, қайшылыққа толы, күнгеі мен көлеңкесі аралас, жақсылығы мен жаманшылығы қатарлас екі түрлі қоғамда ғұмыр кешті. Жамбылдың шығармашылық өмірі, негізінен, 19 ғасырдың 70 – жылдарынан басталған. Бұл – қазақ халқы үшін өте ауыр кезең еді. Осы жылдар Ресей отаршылары – бір жағынан, Қоқан хандығы – екінші жағынан, жергілікті жандайшаптар – үшінші жағынан қазақ халқын әлеуметтік – саяси қыспаққа алғаншақеді.

Сол кездерде Жамбыл шындықты айтып, замана болысын суреттеді, өзінің өкініші мен күйінішін ащы дауыспен жырлайды, мысқылдайды, сынайды, күйініп те, қиналып та сөйлейді. Шыншылдық пен сыншылдық қасиетін Жамбыл ақындармен айтыстарында да сақтап, турашылдығымен ерекшеленіп, нағыз ақын ретінде байтақ елге танылған. Оның есімін бүкіл Жетісуға, Қырғызстанға, Сыр бойына таратқанөнері–оныңайтыстары.

Жамбылдың Сайқал қызбен (1864 – 65), Жаныс ақынмен (1866), Бөлектің қызымен (1870), Бұрым қызбен (1873), Айкүміспен (1874), Сарамен (1875), Сары ақынмен (1875), Шыбылмен (1890), Бөлтірікпен (1890), Майкөтпен (1891), Сарбаспен (1895), Құлмамбетпен (1897), Доспанбетпен (1907), Шашубаймен (1909), т.б. айтыстары қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылды.

1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысына Жамбыл ақын белсене қатынасты. Патша жарлығына қарсы көтерілген халық бұқарасының қалың ортасында жүрді. Өзінің жалынды үндеу жырларын сол қозғалысқа арнап шығарды. Оның көбісі сақталмаған. Тек есте қалып, хатқа түскені – «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» деген өлең – толғаулары. Осы шығармаларында Құлансаз, Қарабастау жайлауындағы Қарғалы, Самсы, Ұзынағаш және Шейінпенде болған қақтығыстардан елес береді. Жамбыл көтерілісшілерді өлең –

жырымен жігерлендіреді, оның үгітшілік қимыл - әрекетін патша әкімдері жазаламақ болады, бірақ халық Жамбылды қорғап қалып отырған. Жамбыл Жабаев 1919 ж. Жетісу халық ақындары бас қосқан слетке қатысты. 1934 ж. республикалық өнер шеберлерінің тұңғыш слетінде жыр толғап, тағы бір көзге түсті. «Замана ағымы», «Белсенділерге», «Қазақстан тойына», «Жастар алдындағы сөз» сияқы арнау, толғаулары осы тұста жырланды. 1936 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезінде оның даусы бұрынғыдан да асқақ естілді. Ежелгі данышпан жырауларша Жамбыл 1930 – 40 жылдар аралығында мемлекеттік мәні бар мәселелерді көтеріп, қоғам өмірі мен ел мүддесін жырлайды, замана жайында толғайды. Жамбыл Қазан төңкерісінен кейінгі елдің саяси-әлеуметтік өміріндегі тарихи өзгерістерге үлкен үмітпен ден қояды. Оның «Туған елім» атты толғауы 1936 жылы жарық көріп, онан соң орыс тіліне аударылған нұсқасы «Правда» газетінде жарияланып, қарт ақынның даңқы бүкіл әлемге жайылды. Халқына қадірі артып, даңқы өрлеген Жамбыл, шабыт тұғырына қонған Алатаудың ақ иық қырынындай, жыр нөсерін селдетеді. Оның 1936 – 1945 жылдар аралығында шығарған жырлары 13 мың тармақтан асады екен. Ол ел өміріндегі табыс пен жаңғыруларды жеңіс пен ерлік істерді ерекше шабытпен жырлайды. Шағын жыр – толғаулар ғана емес, оның қарт көкірегінен «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық туындылар қайта жаңғырып ақтарылады.

Жамбыл - әрі эпик, әрі айтыс ақыны; абыз жырау әрі жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық – саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған бір бәйтерегі болуымен, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен де өлшенеді. Оның сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі

интернационалист ақын. «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» – деген еді Сәкен Сейфуллин. Жамбыл – жырдың толассыз бұлағы, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы. Ол жасампаз ұрпақпен сырласындай, қимасындай мәңгі бірге жасай береді. Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл көзінің тірісінде-ақ КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алып, өзінің де, халқының да даңқын дүйім дүниеге паш етті. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттық рухы биік ұлы тұлғасы екенін әйгілейді.⁵

⁵ Х.Сүйіншіалиев. Қазақ әдебиеті тарихы. Алматы. 2004, 41-бет

2.1.Жамбыл туындыларын оқушыларға танытудың кейбір жолдары

Ж.Жабаевтың өмірін, бүкіл шығармашылығын, әлемдік мәдениетке қосқан үлесін бағдарлама бойынша берілген сағат аясына сідіру мүмкін емес. Бұл орайда оқушылардың өзіндік шығармашылық ізденісі, сыныптан тыс әдеби жұмыстар, оқу сабақтары әр түрлі әдіс-тәсілдермен ұйымдастырылып, байланыстырыла жүргізілгенде ғана әдебиет пәні мұғалімі өз мақсатына жетеді.

Халық поэзиясының даму жолдары Жамбыл Жабаев есімімен тығыз байланысты. Ол – суырыпсалмалық өнердің туын биік көтерген ақын. Жамбыл мұрасы тек қазақ халқының ғана емес бүкіл әлемнің рухани құндылығы. Орыс, ұйғыр, өзбек, грузин, украин, немістер т.б. халықтардың қай-қайсысы болмасын ақынды, аса ірі фольклорист, суырып салма ақын деп таниды. Жамбыл мұрасы өте бай, оны оқушыларға әр қырынан таныту оқытушы міндеті болмақ.

Жамбыл әлемі – күрделі әлем. Кешегі кеңестік идеология оны «жаңа заманның» жыршысы еткісі келді. Бұрынғы оқулықтарда солай көрсетілді. Ал бүгінгі мақсат – жаңа буынға Жамбылдың қазақ халқының көркем мәдениетін әлемге танытып, оның ежелгі дәстүрлерін дамытуға елеулі үлес қосқанын жаңаша көзқараспен түсіндіру. Жамбыл өлеңдерінің көбі бізге толық жеткен жоқ. Біразы кеңес дәуіріне дейінгі кезеңде айтылып, бірақ хатқа түспей қалды. Таңды-таңға қосып айтқан көптеген жырлары, дастандары жазылып алынбаған. Көбіне-көп берідегі әр түрлі атаулы күндер мен жиындарға арналған өлеңдері ғана көпшілікке тез жетіп отырған. Сонымен қатар ақынның мерейтойларына арнап жарық көрген материалдарды сұрыптап пайдалану – оқушының осы тақырып жайлы танымын кеңейтері сөзсіз.

Жамбыл поэзиясы ендігі кезекте тәуелсіз ел көзқарасы тұрғысынан қайта бағдалуы тиіс. Бірақ оны күтіп отырмай, бұрынға жазылған еңбектерді екшелей отырып, ақын мұрасын жалпы адамзаттық құндылықтар

деңгейінен қарастырып, негізгі тұжырымдарды саралауымыз керек. Оны жинақтай айтсақ:

Жамбыл -екі ғасырды көріп, жүз жасаға ұлы ақын.

Жамбыл – шығыс желісіне құрылған талай дастандарды жатқа айтып, мыңдаған шумақтар мен ұйқастарды зердесіне сақтап, шежіре-аңыз, тарихи оқиғаларды, айтыс-толғауларды, бұрынғы –соңғы ақын-жыраулар мен батыр-билердің өмір деректерін, ауызекі әңгімелерді көкірегіне құйып алған, өзі де толғаулар шығарған жырау. Жамбыл –ірі айтыс ақыны. Ақынның Құлмамбет, Сарбас, Шашубай сияқты ақындармен өнері кеңес дәуіріне дейін-ақ, арысы-қырғыз, берісі – Жетісуға кеңінен танымал болған. Алайда ол өлеңдері жазылып сақталмаған.

Ақынның 70 жастан кейінгі өмірі кеңестік заманға тұспа-тұс келді. Ол кеңестік насихатқа сенді. Сол жаңа өмірді жырлауға көптеген өлеңдерін арнады. Жамбылдың көркемдік әлемінің қуаты – халықтың сан ғасырлық дәстүрлі жыр қайнарынан шыққандығында. Ол қазақ поэзиясының адамгершілік мұраттарын жаңа мазмұнда байытты, дәстүрлі поэзияны дамытты. Мұғалімнің тақырыпқа осы тұжырымдарды басшылыққа ала отырып келгені жөн.

2. 2. Ж.Жабаевтың «Өтеген батыр»шығармасын оқыту.

Сабақтың бірінші бөлімінде мұғалім Жамбыл ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы кіріспе сөз айтады. Оқушылардың өздері бұрын оқыған Жамбылдың шығармалары туралы еске түсіру көзделеді. Ақын туралы фильм, диафильмдер көрсетіледі. Шығарманы мұғалімнің өзі мәнерлеп оқиды. Сонымен бірге ұлылар айтқан ақын туралы сөздерге тоқталады.

Сабақтың екінші бөлімінде мәнерлеп оқу, эпизодтарды талдау, мәтінге түсініктеме беру жұмыстары жүргізіледі. Өтеген батырдың мінезін, портретін ашуға тоқталады.

Сабақтың үшінші бөлімінде кейіпкердің іс-әрекетіне баға беріледі. Автордың кейіпкерге деген көзқарасын айқынданып, сол туралы оқушылар өз пікірлерін білдіреді.

Сабақтың төртінші бөлімінде оқулықтағы Өтеген батырдың суреті бойынша жұмыс жүргізіледі. Суретке қарап отырып оқушылар шағын шығарма жазып, шығарма туралы ойларын айтып береді. Уақыт жетпегендеріне үй тапсырма ретінде беріледі.

Сабақтың бесінші бөлімінде мәтін соңындағы сұрау-тапсырмалармен жұмыс жүргізіледі. Сабақтың қорытынды бөлімінде мұғалім жалпы сыныпқа құрақ қояды.

- «Өтеген батыр» дастанынан кішкене ғана үзінді оқып, сол үзіндіден жалпы шығарма тақырыбын түсінуге бола ма? Нені аңғардыңдар?

Оқушылар толық жауап бере алмаған жағдайда мұғалім өзі қорытындылайды.

- Балалар, Жамбыл аталарыңның, «Өтеген батыр» дастанының тақырыбы – елін, жерін сүйу, еліне жайлы қоныс іздеу. Мәтіннің алғашқы шумағынан-ақ біздің кейіпкердің, Өтеген батырдың арманы көрінбей ме?

«...Әттең сені, дүние-ай!

Дариядан су алып...»- деп

Басталатын шумақты қараңдаршы.

Ал екінші шумақта, батырдың мұңы, өкініші, «соңымнан елім ермейді-ау!» деп қапалануы тұрған жоқпа? Егер Өтеген батыр өз қара басын ғана ойласа, осынша қиналар ма еді? Әрине жоқ. Батырға деген елдің құрметін қай шумақтан көруге болады?

Оқушылар тауып оқиды:

- Жұртымен амандасып қойдай шулап,
Өтеген демін алды аунап, қунап,
Той қылды, ат шаптырды Өтегенге,
Құлпырды Өтеген де құрдай жайнап.

Мәтіндегі соңғы екі шумақты, яғни Өтеген батырдың еліне айтқан сөзін оқушы келістіріп, образға еніп оқиды. Оқушы оқып болған соң, мұғалім оқушылардан: Өтегеннің дәл осы кездегі сезімі қандай еді? Ол батырдың даусынан, үнінен байқалды ма? Өтеген батырдың соңынан елі ермей қойғанда сенде қандай сезім болды?

Балалар бұл сұрақтарға жауап береді. Дастанға қызыққан оқушыларға Жамбылдың шығармалар жинағынан «Өтеген батыр» дастанын толық оқуға тапсырма беруге болады.

2.3.Сабақ үлгілері.

Сабақтың тақырыбы: Ж.Жабаев өмірі мен өнер жолы, ақын әлеміне шолу.

Сабақтың мақсаты: 1. *Білімділік.*

А) Ақынның дүниежүзілік аренаға шығып, суырып салма, импровизаторлық дәстүрді дамытуға қосқан үлесі.

Ә) Ақынның алғашқы туындыларынан көрінетін адамзаттық-азаматтық тұлғасын ашу;

2. *Тәрбиелік* а) Туған халқының тағдырына ортақтасу. Отаншыл жырларының мәнін аша отырып, өзіндік тұжырым – пікір жасау дағдыларына үйрену;

Ә) Оқушыларды Отанын, өз халқын, елін, жерін сүйуге баулу;

3. *Дамытушылық:* а) Өшпес өнерге айналған өмірді танып білу де оқушылардың ойлау белсенділігін арттыра отырып, жан-жақты ғылыми тұрғыдан іздене білуге төселдіру;

Ә) Ақынның өмір сүрген қоғамдық ортасымен қарым-қатынасын айқындау; б) Суреткер ретіндегі ойшылдық шеберлігіне, тереңдігіне ену;

Сабақтың түрі: *Ізденіс сипаттағы тәжірибелік сабақ.*

Сабақтың көрнекілігі:

1. Ж.Жабаев өмір кезеңдерін қамтитын ауызша әдеби журнал,(буклет,схема,таблица,сызба т.т.)
2. Ақынның туғанына жүз елу жыл толуына байланысты (газеттік, журналдық басылымдар) жеке папка.
3. Жамбыл мұражайында өткен оқу-фильмі. Электронды оқу құралы, видеофильм.
4. Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. Алматы,-1965.
5. Ә.Тәжібаев. Өмір және поэзия.Алматы, -1960.
6. Ж.Жабаев творчествосы (жинақ).Алматы, -1989.
7. Кадаскопты ретіне қарай пайдалану

Сабақты өткізу әдісі:

Мәнерлеп оқу, түсіндіру, болжам жасау, пікір алмасу, зерттеу әдісі, проблемалық сұрақ-жауап. Топтық жұмыс.

Сабақтың барысы:1. Оқушыларды топқа бөлу.

Кіріспе. Электронды оқулықтан Ж.Жабаев туралы гипермәтінді тыңдау.

1-топ. Оқушысы: Жамбылдың алғаш ақындық атын шығарған өлеңі «Шағым». Бұл кезде ол он бес жаста екен: Өлеңді мәнерлеп оқиды. (Экранда слайд арқылы беріледі).

Шып-шып етіп молданың

Қолындағы тобылғы,

Қозғалтпайды жанымды

Талай дүре соғылды,

Тілің ащы бала деп,

Қайнатты әбден сорымды.

Оқымаймын молдадан

Екі иығын қомдаған

Бала келсе сабаққа

Жем андыған дорбадан.

Ақ сәлдесі басында,

Боз інгендей боздаған.

Қайтіп сабақ береді,

Айтқаны ішке қонбаған-

Деп таяқтың астына алып, дүрелеп оқытатын молдалардың жаттанды діни оқуын өткір сынға алады. Оқушыларды осы өлеңдегі негізгі түйінді тапқызу үшін, жетелеу сұрақтарын беруге болады.

Бұл оқушылардың өз беттерімен мәтінді түсінуге бағыттайды.

1. Бала неге молдадан оқығысы келмейді? Мәтінге сүйене отырып дәлелде.Ықтимал жауап: Молданың айтқандары мүлде түсініксіз, ол баладан үнемі бір нәрсені дәмеленеді, өз құлқынын ойлайды.
2. Ащы тілмен молданың мінін бетіне айтып, одан жасқанбайды, надандығын әшкерелейді. Сөйтіп молданың алдын екінші көрместей

болып біржолата қош айтысты.

3. Өлеңді Б.Майлиннің «Түйебай» әңгімесімен салыстырындар. Жауап: Ия, Түйебай да молданы жек көреді, ол да үнемі бір нәрсе алғысы келіп тұрады. Түсінікті, тәрбиелі еш нәрсе айтпайды. Түйебайды жәбірлейді.

Оқытушы, Жамбыл поэзиясының танымдық, тәлімдік қасиеті – ұлттық қазынамыз, өркениетті әлемнің мәдени байлығы екендігіне жан-жақты тоқталып, шолу жасайды. Ақын өмірін таныту, талдау барысында «Естеліктер сыр шертеді» атты ауызша әдебиет журналы пайдалану сабақты жандандыра түседі.

I-бөлім:

М.Әуезов: «Жамбылдың кеңестік дәуіріндегі туындылары – ұлы шеберлік көріністері, кезінде әлемді таңғалдырған ғажайып құбылыс. «Өлең кірген түсіне жөргегінде мен болам»-деп, өзі айтқандай, тұла бойы тұнған жыр, өлеңнен жаралған, басында миллион ұйқасты дайын ұстаған».

Ғ.Мүсірепов: «Жәкең шығармалары ғасырдан ғасырға кетеді. Халық ақындарынан шыққан мұндай алып ақын болған емес. Еш уақытта, еш тарих жүз жасаған ақынның соңғы сағатына дейін ақындық қуатының сарқылмағанын білген емес». 1938 жылы Алматы қаласында өткен Жамбыл шығармашылығына 75 жылдық мерекесіне еліміздің түкпір-түкпірінен көрнекті ақын-жазушылар, белгілі қоғам қайраткерлері келіп, ақын өнерін ерекше бағалап, жылы лебіздерін білдірді. Сондай-ақ әлемнің әр шетінен озық ойшыл жазушылар қарт Жамбылды құттықтап, оның өнерін айрықша бағалап, телеграмма жолдады.

Мысалы: «Жамбылдың қайта тууы – халық ауыз әдебиетінің қайт атуғандығының бейнесі. Жамбыл жырларының күші-оның терең халықтық шығармашылығының болуында».

Сабақ барысында мұндай естелік ой-пікірлерді ұтымды пайдаланып оқушылар назарына ұсыну, ақынды таныта білудегі ой қозғаушы әрекеттердің бірі болмақ. Ең бастысы оқушылар Жамбылдың халық өмірінің айнасы болған ақындық, жыршы-жыраулық өнердің саңлығы

екеніне көз жеткізіп ұғына түседі.

Журнал беттеріндегі барлық пікірлерді бір сабақ көлемінде түгел оқып көрсетуге мүмкіндік жоқ екенін ескере отырып, оқытушы қай уақытта үзінді пікірлер мен танысуды алдын – ала жоспарлағаны дұрыс. Сондай-ақ «Жыр алыбы-Жамбыл», «Дархан дарын – жарқын үн» т.б. сияқты сыныптан тыс оқу сабақтарында бұлардың өз жалғасын табатынын оқушыларға ескерткен жөн.

2-топ. Сабақтың бір бөлігін «Ақындарың тыңдаймыз» атты жинақтан Жамбылға арналған өлеңдерді тыңдауға болады.

Көптеген ақындар, шәкірттері жүрек жарды сүйікті жырларын арнаған. Кейбір үзінділерді нақышына келтіріп, мәнерлеп дұрыс оқи алатын оқушылардың өздеріне кезекпен оқытуға болады.

Мысалы: 1-оқушы Кенен Әзірбаев (1938 жыл)

Қарт ата, қадірлі ата, дүлділ ата.

Сайраған бағымызда бұлбұл ата

Бір ғасыр, неше дәуір басымыздан,

Өткізіп көрдің талай үлгіні ата.

2-оқушы. Ғали Орманов:

Болып ең сен де нөсер, Жамбыл ақын.

Даусына жалпақ дала жаңғыратын

Күркіреп құйып-құйып жөнелгенде,

Жалтылдап найжағайдай жатыр артың.

Мұндай үзіндіреді тыңдауды Жамбылдың:

Халық үшін төсеп отыр өле-өлгенше

Ағарған сақалы мен шашын Жамбыл

Көтерген көкке төбе тірелгенше

Иеді көпшілікке басын Жамбыл-

Деген өз сөздерімен аяқтауға болады. Үзінділер оқылып болғанна кейін оқушылардың алған әсерін байқау үшін арнайы сұрақ-тапсырмалар беруге болады:

1. Ақынның «Халқым»деп соққан жүрегін өз сөздерінен қалай аңғаруға

болады?

2. Ақындар арнау өлеңдерінде қандай көркемдік суреттеу құралдарын пайдаланған.
3. Естеліктердің үні мен сыры Жамбыл шығармаларының өміршеңдігінің дәлелі.

Оқушылардың әрқайсысы өзіндік пікір-тұжырым жасауға тырысқанын байқатты. Олар: «Жыр алыбы – Жамбыл атамыздан қалған мұраларды танып білу, тереңіне үңілу біздің басты парызымыз»- деп жазды. Жамбыл шығармаларын танытуда, ақын өмірінің өлең жырға айналуы ерекше сөз болып, Жамбылдың өзінің өмірбаяндық естеліктерін пайдалануға болады. Жасынан-ақ өлеңге әуестенген Жамбыл әкесінен рұқсат сұрап, оның ақын Сүйінбайдан бата алып жолын ұстануы, өзінің келешегін ерте болжай білгенін аңғартады. «Оқымаймын молдадан, не оқытпақ ол маған»-деп ақындық өнерге ден қойып:

Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң,
Елде болар береке...

Деген ой-тұжырымын да өлең-жыр өмір бойғы қасиетті ісі, сүйікті кәсібі болып қалғанын көрсетеді. Оны өзі де ашып айтады.

Бұл Жамбыл бір сөйлесе қызып кетер,
Пәтуа-тауып бірлігінді бұзып кетер
Ебін тауып ұстамай өшіктірсең,

Байлап-матап қойсаң да үзіп кетер-дейді. «Шағым», «Әкеме»деген өлеңдерінде әкенің айтқанымен емес, өзі қалаған жолмен жүретінін айтып мәлімдеді.

Тақырып:Ж.Жабаев өлеңдерін оқытудың жаңа технологиясы

Сабақтың мақсаты:

1. Жамбыл Жапаұлы өміріне тоқтала отырып, оның шындық шеберлігін, жырау, жыршы, импровизатор ақын екенін ұғындыр
 2. Жамбыл өлеңдерінің ерекшелігін, оның мәні туралы білім көзқарасын жинақтап дамыту.
 3. Бабаларымыздың ерлік рухын сезіндіру арқылы азаматтық тәрбие беру, шешендік сөз өнеріне баулу.
 4. Түсініктерді деректер мен дәйекті сөзбен дәлелдеу, өлең талдау дағдыларына, мәнерлеп оқуға, өз пікірін қорғай білуге төселдіру.
- Сын тұрғысынан ойлауға байланысты міндеттері: Өлеңді талдау дағдыларына, мәнерлеп оқуға, өз пікірін қорғай білуге төселдіру.

Сабақтың көрнекілігі: Ақынның суреті, альбом, кітап көрмесі, нақыл сөздер, сызбалар, ұнтаспа, кодоскоп, кеспелер.

Сабақтың түрі: лекция.


Сабақтың әдісі: Баяндау, сұрақ-жауап

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру.

1. Қызығушылықты ояту сатысы. Ой қозғау.

1. Жамбыл Жабаев туралы не білесіз?
2. Жамбыл қай жерде туылған?
3. Жамбыл кімнің шәкірті еді?
4. Жамбыл оқыған ба?

Топтастыру стратегиясын пайдаланамыз



Енді Жамбыл Жапаұлы өміріне тоқталайық. Жамбыл 1846 жылы, Жамбыл облысы, Шу өңіріндегі Жамбыл Тауының етегінде, ақпан айында дүниеге келген. Руы Шапырашты Екей. Жамбылды әкесі ауыл молдасын оқуға береді. Ал балаларға дүре соғып, қорлықпен құран оқуды бірнеше жыл үйрететін молдада оқығысы келмеді. Дарынды бала өзінің өнерпаздық қасиеттерін, сыбызғы мен домбыра арқылы ғана өрістете алды. Сыбызғы мен домбырада ол әртүрлі әндер мен күйлер тартатын, өлең айтатын болған.

Оқуды тастаған Жамбылды әкесі қой соңына салып қояды, бірақ ол мал да баға алмайды. Осы күндері «Шағым» атты өлеңі дүниеге келеді. Молда алдынан оқу да, мал бағу да қолынан келмеген Жамбыл әкесінен бата сұрайды, бірақ әкесі бата бермейді.

«Жұрт біздің Екей руын мазақтап, «Екей елу бақсы, сексен ақын» деген атақ аз болып жүр ме? Сексен бірінші болып қайтесің?

Масқаралама әкеңді!» - дейді. Сонан соң Жамбыл Сүйінбай Ақынға барады.

Алыстан әндеткен Жамбылдың зор дауысын ұнатқан Сүйінбай

Жамбылға бата береді. «Өлеңдерің жеке адамдардың емес халықтың игілігіне айналсын. Көмеймен емес, жүрекпен жырла. Әділ сөйлеп, адал бол. Жаттанды өлеңге үйір болма...»- дейді.

Ұстазының осы сөзін құп алған Жамбыл, Сүйінбайды пір тұтып, өз өлеңдерін былай бастайтын еді.

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлеймін сыйынбай
Сырлы, сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай

Осы Сүйінбайды кейін ауыл ақсақалдары бата беріп, одан соң Жамбыл әкесінен тағы да бата сұрайды.

Ия, Алла!

Талабын ұлдың таудай қыл,
Кеудесін жаққан шамдай қыл.
Ұзақ жасар ғұмыр бер,
Еліне шашар нұрдай қыл.
Талабыңа нұр жаусын,
Сүйінбай бір сүйер көрік бол
Әумин.

Сүйінбай ақынның үмітін ақтағаны, оның айтыстарынан көрінеді. Нағыз айтыскер екенін дәлелдеген жері, 1881 жылы құлмағамбетпен айтысы еді.

Жамбыл атының дүркіреп шығуына себепкер болған, Ұлы Отан соғысы жылдары болды. Осы жылдары жалынды өлеңдерімен, жауынгерлерге рух бере білді.

Жамбыл 1945 жылы жеңіске арналған митингіге қатысып келіп, таңғы жетіде жүргегі тоқтады.

Жамбылдың жырлары, өлеңдері ғасырдан ғасырға кете береді. «Еш уақытта, еш тарихта жүз жасаған ақынның соңғы сағатына дейін

ақындық қуатының сарқылмағанын ешкім білген емес», - деген Елеуқенов.


Міне, бүгін біз Ж.Жабаевтың екі өлеңін өтеміз. Өлең мәнерлеп оқылады.

Ал, балалар, енді осыған назар аударайық. «Жалғызбын деп жүрмесін» өлеңі Абайға арналған өлең. Жамбыл Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахманның қайтыс болғанын естіп барған кезінде, Абайдың өзімен кездесе алмай Мағауияға сәлемдемесін, аманатын, яғни осы арнау арқылы көңіл айтып жіберген.

Абайдай білімді, данышпан ақынның сүйікті ұлының қазасы тек Абайға ғана батып отырған жоқ, дүйім халық көтерер қаза екендігін айтады. Жамбыл Абайдың білімділігін, даналығын бағалап, өзінен биік санаған.

Нар көтерген ауырға Арқасын тоссын жасымай!,-дейді.

Екінші «Артықша туған азамат» өлеңі барлық азаматқа арналып жазылған өлең. Азамат елінің, туған жерінің қамын ойлайтын болуы керек. Көңіл айту, арнау, толғау ауыз әдебиетінің бір түрі болып табылады.



«Жалғызбын деп жүрмесін»

«Артықша туған азамат»



ҚОРЫТЫНДЫ

Адам тәрбиелеу, оған білім, ғылым жолынан сабақ беру, баланы өмір сүруге үйрету – мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақ – адамзаттың болашағы, жалғасы. Ұрпағымыз қаншалықты саналы болса, адам баласының жасауы да сан ғасырға жалғаса береді.

Біз елімізді ешкімнен кем болмайтын еркін демократиялық қоғам құру үшін ауқымды міндеттерді шешуге қабілетті, жетік, ұлттық және жалпы адамилық құндылықтар рухында тәрбиеленген ұрпақты кәмететке жеткізуді өз алдымызға жоғары мақсат етіп қойғанбыз.

Осы ізгі мақсатқа қол жеткізу, перзенттеріміздің ақыл-ойы мен дарынын толық көрсету үшін, оларды бүгінгі және ертеңгі өміріміздің шешуші күшіне айналдыру үшін ешнәрсені аямастан, күшіміз айналдыру үшін ешнәрсені аямастан, күшіміз бен мүмкіндіктерімізді жұмылдырып қандай үлкен жұмыстарды жүзеге асырып жатқанымызға барлығымыз куәміз.

Болашақ ұрпақтың бақыты мен келешегінің қандай болуы, бізге, яғни ұстаздарға тікелей қатысты екендігін жете түсініп отырып, бар білімімізді, күшімізді ұрпақ тәрбиесіне арнауымыз керек. Ол үшін мұғалім қазіргі заманға лайық өзінің білім беру ісінің хухани, шығармашылық ізденіспен қарап, өмірге еніп жатқан жаңа педтехнологияларды толық меңгеруі тиіс.

Қорты айтқанда бүгінгі күн оқытушысы ПТ, АТ жақсы меңгерген, терең білімді, кәсіптік пәнін толық иеленген болуымен бірге жоғары адмдық қасиеттерге ие болған, балалар және үлкендермен қиналмай қарым-қатынасқа түсе алатын, олардың рухиятын, жағдайын түсіне алатын шын шебер педагог болуы керек.

